



М.Д. ЗВЕРЕВ М.А. ПРОСКУРЯКОВ

АЛМАТЫ КОРЫФЫ


М. Д. ЗВЕРЕВ,

М. А. ПРОСКУРЯКОВ

АЛМАТЫ КОРЫҒЫ



АЛМАТЫ
«ҚАЙНАР» БАСПАСЫ
1981



57 [069] Каз
УДК 502.74:59.006

Зверев М. Д., Проскуряков М. А.
3 57 Алматы қорығы — Алматы: «Қайнар»,
1981.—80 бет

Алматы қорығы өзінің табиғи және ғылыми құндылығы жағынан Қазақстандағы ең ғажап қорықтардың бірі.

Кітап авторлары оқырмандарды қорықтың өзіндік ерекшеліктері бар табиғатымен, оның өсімдік және жануарлар дүниесімен, қорықтың құрылу тарихымен, оны қоргау жұмысымен, сондай-ақ оның ғылыми проблемасымен очерктер арқылы таныстырады. Осылың бері оқушыны республиканың шелден мәңгі қар басып жататын аймактарына дейінгі көрінісін бейнелейтін осы бір бірегей қорықтың табиғатың қорғауға қатысы бар екенін сезінүіне мүмкіндік береді.

Кітапты табиғатты суюшілер қызыға оқиды.

57 [069] Каз

3 21002—081 — 139—80 1603000000
463[07]—80

- (C) «Қайнар» баспасы, орыс тілінде, 1979 ж.
(C) «Қайнар» баспасы, қазақ тіліне аударма, 1981 ж.

Максим Дмитриевич Зверев,
Михаил Александрович Проскуряков

АЛМА-АТИНСКИЙ ЗАПОВЕДНИК

(на казахском языке)

Переводчик Ж. Темирбеков. Ответственный за выпуск А. Дюсебаев.
Редактор Н. Толепбергенов. Худ. редактор Б. Жапаров. Тех. редактор.
Ф. К. Шабанова. Корректор Т. Ш. Омарова.

ИБ 1047

Сдано в набор 4.10.80 г. Подписано к печати 24.09.81 г. Бумага тип. № 1.
Формат 70×108^{1/32}. Гарнитура журнальная рубленая. Печать высокая.
Объем в усл. п. л. 3,5+вкл. 0,35=3,9. Уч.-изд. 3,86+вкл. 0,72=4,6. Тираж
10 000 экз. Заказ 3688. Цена 65 коп.

Издательство «Қайнар» Госкомитета Казахской ССР по делам изда-
тельств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая,
143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических
предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам изда-
тельств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул.
Пастера, 41.



Егер Алматы қорығының солтүстігінен оңтүстігіне қарай жол тартсаңыз, тамаша өлкеге тап боласыз: бір күннің ішінде тауға қарай бой түзеп, ақ сағымға шомған жапан дала көз алдыңыздан өтеді, тау өзендерінің сарылы құлағыныңдан кетпейді, қылқан жапырағы қалың жасыл шыршалар мен жапырағы сыйбыраған жабайы жеміс ағаштарын жиі кездестіресіз, сонау алып шындардың ұшар басында ақ қар мен көк мұз көз шағылыстырады. Теніз деңгейінен 5018 метр биіктегі Талғар шыңынан бауырлас қырғыз елінің көгілдір ыстықкөлі мен алып таулардың кең панорамасы көрінеді.

Қазақстан астанасы — Алматы қаласының шығысында 25 километр қашықтықта 89,5 мың гектар алқапты алып жатқан Алматы қорығы басталады. Бұл — климаты орташа, өте әдемі, әрі бірнеше түрлі табиғи ландшафттарға бөлінетін өсімдіктер мен жан-жануарларға аса бай тамаша өлке.

Алматы қорығына Іле Алатауының орталық жотасы — Талғар тау тізбегі, құмдар, Үлкен және Кіші Қалқан атты таулары бар шөлді аймақ жатады.

Қорықты аймақтың таулары батысында Талғар өзенінің сол арнасымен, ал солтүстігінде — оң арнасымен өтеді, одан әрі биік таудағы Есік көліне дейін, шығысында Есік өзені бойымен Шелек өзені бастамасына дейін барып Қырғыз ССР-інің шекарасына тіреледі.

Шығысы мен батысында Үлкен және Кіші Қалқан таулары етегімен шектелетін Іле өзенінің шелді тоғайларының оң жағалауын алып жатады.

Жалпы алғанда, таудың Жерорта теңізі климатына жақын салынын, дымқыл климаты шел және шелейттің құрғақ та ыстық апта-бымен астасып жатады. Тауға көтерілген сайын Қара теңіздің солтүстік жағалауынан Ақ теңізге қарай бет алғандай, климат өзгеріп сала береді. Қорықта шел және альпі шалғынды өсімдіктері, құрғақ дала мен шыршалы орман, сексеуіл тоғайлары мен жеміс ағаштары кездеседі; мұнда тянь-шань аюы мен ешкіемер, кесіртке, сілеусін, қарақүйрық, тоқылдақ пен шел құсы — қарабауыр бұлдырық кездеседі.

Қорықта өсетін өсімдіктер мен жануарлардың бәрі де қорғауға алынып, зерттеледі. Бұл жердің табиғаты қолдан өзгертіліп немесе «жақсартылмаған» ландшафттардың даму заңдылықтарына сәйкес қалпында қалған. Алматы қорығы — табиғат эталоны, оған адамның шаруақор қолы арапласпаған табиғат үлгісі. Оны адам өрекеті өсерінен табиғи ортаның өзгерту бағытын анықтайтын және табиғат байлықтарын ұқыпты да тиімді пайдалану жолын қарастыратын қазіргі кезде ғалымдарға өте қажет табиғи лаборатория деуге әбден болады. Іле жағалауындағы шел мен Солтүстік Тянь-Шань тауына қоныс тепкен өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік заңдылықтарын терең білмейінше олардың табиғи бірлігінің қурделілігін сақтау мүмкін емес.

Қорық ғалымдары оның табиғи комплекстерін терең зерттеп, олардың биологиялық тепе-тендік заңдары мен құпияларын та-нуда. Бұл — өзекті проблема. Ол қорықты сақтауға ғана емес, халық шаруашылығы үшін де аса маңызды. Оны шешу — табиғат байлықтарын тиімді пайдалану мен оларды дұрыс қорғаудың кілті.

Өте қурделі, әр түрлі табиғи бірліктердің биологиялық тепе-тендігі бір немесе бірнеше ғана өсімдіктер мен жануарлар түрінің тіршілік өрекетіне байланысты болғанына мысал аз емес. Табиғаттың биологиялық байланысындағы ондай «әлсіз» буындарды анықтау оңай шаруа емес. Ол әр түрлі саладағы жоғары квалификациялы мамандардың бірлескен күшімен ғана шешіледі. Сондықтан да

мұнда өсімдік және оның тіршілік ортасы, сүт қоректі жануарлардың, құстардың, насекомдардың, қос мекенді, бауырымен жорғалаушы жануарлардың, тағы басқа табиғат комплексінің өзге де компоненттері бір мезгілде зерттеледі. Әрбір ғалым-зерттеуші өз нәтижелерімен өзгелерді толықтырып отырады.

Бәрін де бақылап отыру оқай шаруа емес. Қорықтың өсімдіктер дүниесі құрамында жоғары сатылы өсімдіктердің 590-нан астам түрі, мүктің 107 түрі, қынаның — 77, саңырауқұлақтың 159-ға жуық түрі бар. Қорық аңға да аса бай; құстардың — 170, сүт қоректі жануарлардың — 60, бауырымен жорғалаушылардың — 25, насекомдардың 700-ден астам түрі бар. Қазір қылқаны қою реңді Шренк шыршасы орманы кеңінен зерттелуде. Мұның бірқатар бөлегін қорық ұйымдастырылғанға дейін сондағы шаруашылықтар біраз зиян келтірген болатын. Ол астаналық қалаға таяу болғандықтан да оны браконьерлер мен орман өрттерінен қатаң қорғауды қажет етеді. Антропогендік тығыздық жабайы андарды өздері тіршілік ететін ормандардан қорық ормандарына қоныс аударуға мәжбүр етеді. Міне, бұлардың бәрі шыршалы тау ормандарының биологиялық тепе-тендігін сақтауды күрделілендіре түседі.

Ғалымдарға Шренк шыршасы жайында көп нәрсе мәлім: оның ғұл жару және жеміс салу биологиясы, бұтақтарының көлденең бітуі, сүт қоректі жануарлардың, пайдалы және зиянкес насекомдардың бұл аса қажетті реликт өсімдіктің көбеюдегі ролі зерттелді. Қазір орман өсірушілер, геоботаниктер, териологтар, герпетологтар Тянь-Шань шыршасының табиғи түрде біркелкі қайта көбею жолдарын зерттеп қарастыруда. Олардың тағдыры тек қорық қызметкерлерін ғана емес, Қазақ ССР Ғылым академиясының ботаника және зоология институттарын, Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтын, Қазақ орман шаруашылығы және агромелиорация ғылыми-зерттеу институтын, ауа райын зерттеу институтын, Қазақ ССР Ғылым академиясының география секторын, Алматы және Қарағанды университеттерін де өте ойландыруда. Олар қорық қызметкерлерімен бірлесе отырып, ормандардың табиғи жаңарып отыруын, оған шөп жамылғыларының, тал-шіліктердің жалпақ жапырақты ағаш түрлерінің, құстардың, сүт қоректі

жануарлардың, насекомдардың және орманның түрлі табиғи бірлестіктерінің компоненттерін зерттеуде. Осы ретте құмырсқалардың атқаратын қызметін зерттеуге ерекше көңіл бөлініп отыр.

Ғалымдар «Табиғат шежіресін» жазуда. Бірақ мұны тек оларғана жазбайды. Қорық сақшыларынан да көптеген мәліметтер туғсіп жағады. Әрбір қорық сақшысы өзіне белгіленген фенологиялық участкеде өсімдіктер мен жан-жануарлардың фенологиясын, яғни тіршілік әрекетін бақылап отырады, участкедегі жануарлардың есебін жүргізеді. Барлық қызықты фактілерді қорық басқармасына хабарлайды.

Қорықтағы ғылыми жұмыстар оның құрылған алғашқы жылдарынан бастап жүргізіліп келеді. Ол сонау отызыншы жылдары құрылды, Кіші Алматы өзені бассейнінде он бес гектар жерді алып жатты.

Одан соң қорық аумағы әлденеше рет өзгерді. 1935 жылды қорыққа Үлкен Алматы, Талғар, Есік, Түрген, Шелек, Таушелек, Та-банқарағай орманды алқаптары кірді. Ал, 1936 жылды қорыққа Сөгеті жазығы, Бөгеті таулары мен Сарышаған, Қаракүлдек жерлерінің Іле өзеніне жақын жағы кірді. Енді қорықтың жалпы көлемі 856680 гектар болды. Сөйтіп, одақтық маңызы бар қорыққа айналды. 1941 жылға қарағанда қорық Іле Алатауы жотасын түгел, Шелек өзенін бойлай отырып Кетпен жотасының бір бөлігін және Іле өзеніне дейінгі шөл даланы алып, оның көлемі бір миллион гектарға жетті. Ол сол кезде Совет Одағындағы ең ірі қорықтардың бірі болып саналған болатын.

1937 жылды ғылыми-зерттеу жұмыстары басталды. Ұлы Отан соғысының алдында қорық дамудың даңғыл жолына түсті. Бұл аса ірі табиғи лабораторияға Москвадан, Ленинградтан, Украинадан, Сібірдегі жоғары оқу орындарынан құрамында жүздеген ғалымдар бар ғылыми экспедициялар келеді. Қорықта белгілі ғалымдар С. И. Огнев, П. А. Мантейфель, Н. В. Павлов, И. Г. Галузо, Б. К. Штегман, А. Г. Банников, тағы басқалар еңбек етті. Құрамында 150-ден астам адамы бар Қазақстанның 25-тей экспедициясы әр жыл сайын қорық тауларында ғылыми зерттеулер жүргізді. 1941 жылға қарағанда жүздеген студент қорықта өздерінің диплом жү-

мыстарын өзірледі. Ғылымдағы жаңа бағыт өсімдіктердің экологиялық морфологиясы ілімінің негізін қалаған еліміздің аса ірі ғалымы И. Г. Серебряков өзінің ғылыми жолын дәл осы қорықта студент-практикант болудан бастады.

Қорықтың ғылыми бөлімі барлық экспедицияларды территорияларға бөліп, олардың жұмысын үйлестіріп отырады. Қорық қызметкерлерінің аса бай ғылыми еңбектері мен зерттеулері Алматы қорығы жөніндегі ғылыми еңбектердің он томдығында жарияланған. Сондай-ақ олардың көптеген мақалалары Москва, Ленинград, Қазақстан және шетелдегі әр түрлі ғылыми мекемелердің басылымдарында жарық көрді.

Қорықтың ғылыми өмірін 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы үзіп жіберді. Соғыстан соғығы жылдарда қорық бұрынғы келбетінен айырылған болатын. Оны қалпына келтіру 1960 жылдың январынан басталды. Содан бері қорықтың өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемін зерттеу үздіксіз жүргізіліп келеді, ал табиғатты қорғауға ерекше көңіл бөлінген.

Қорықтың барлық аумағы учаскелерге бөлініп, қорық сақшылауына бекітіліп берілген. Мұнда рұқсатсыз жүруге болмайды. Қорық сақшылары постыларында радио-телефон байланысы бар, территория авиациямен бақыланады.

Қорықтың әрбір қызметкері белгілі тәртіпті сақтап отырады: браконьерлікке жол бермеу үшін қорықты топ-тобымен жүріп аралайды, табиғатты қорғауды насиҳаттау үшін профилактикалық жұмыстар жүргізеді: лекциялар оқиды, тұрғындармен радио, телевизор арқылы әңгіме өткізеді, қорық музейінде сан қырлы істер атқарады. Тек соғығы он жылдың ішінде ғана ғылыми қызметкерлер одактық және республикалық баспасөз беттерінде табиғат пен қорықтың маңызы жөнінде 300-ден астам ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялады.

Қорық музейінде барлық аңын, құстардың, өсімдіктердің, насекомдардың экспонаттары, түрлі тау жыныстары коллекциясы жиналған. Музей экспозициясы көрермендер қорық өмірін терең танып біле алатындей етіп безендірілген. Музейді үйімдастыруға Қазақстан суретшілері мен таксидермистері үлкен көмек көрсетті.


Қазір қорық музейі еліміздегі ең үздік музейлердің бірі болып саналады деп толық сеніммен айтуға болады. Бұған музейді тамашалаған көптеген адамдардың арнайы кітапта қалдырған қолтаңбалары күә болады. Олардың арасында біздің еліміздің ғана емес, шетелдерден келген қонақтардың да лебіздері көп.

Қорықтағы жолға қойылған күзет, оны аралаудың пропускалық жүйесі өз жемісін беруде. Браконьерлік азайды. Қорықтағы жан-жануарлар саны есе түсүде. Қорық қалпына келгелі бері Талғар өзені бассейнінің ормандарындағы марал саны сексенге жетті. Қазақстанның Қызыл кітабына кірген қорықтың жан-жануарлары — Тянь-Шань аюы, Орта Азия сілеусіні, барсыы, архар, қарақұйрық, көк құс, су бүркіт ешбір қауіпсіз тіршілік етуде. Орман өмірін зерттеу жөнінде үлкен жұмыс жүргізілуде. Түйе жаңғағы ағашын таңдап алған белгілі бір жерде ойдағыдан өсіру мүмкіндігі дәлелденді. Бұл жергілікті жағдайда жаңғақ өсірудің мол мүмкіндігі бар екенін ашып берді.

Тянь-Шань шыршасы діңінің қайта қалпына келуі терен зерттелуде. Егер оның түбірінде тіршілік қабілеті бар бұтақтар қалдырып кессе, бұлардан кесілген бір дің орнына бірнеше жаңа дің өсіп жетіледі. Сөйтіп орман жағдайын қалпына келтіру процесі тездетіледі.

Тау шыршалары арасындағы кейбір жан-жануарлардың тұнгі тіршілігін зерттеу әдісі қолға алынды. Ғалымдар жабайы аңдар, құстар мен наsectомдар тіршілігінен орман үшін зор практикалық маңызы бар көптеген жайларды анықтады.

Қазір қорықтар туралы әңгіме бола қалса, биологтар мен аңшылық мамандары ғана емес, қорық ісіне қатысы жоқ адамдар да бір арнада ой тоғыстырады. Шаруашылық пайдалану есебінен алынып тасталған қорықтар территориялары жалпы мемлекеттік маңызға ие. Біздің ғасырымызда қорықтар мәдени мұралар сияқты еліміздің үлттық мақтанышы. Алматы қорығы Қазақстанның үлттық мақтанышы деп есептеуге әбден болады.



ӨЗЕН БОЙЫНДАҒЫ «ДЖУНГЛИ»

Егер Алматы қорығына оның солтүстік шекарасынан бастап саяхатқа шықсаңыз Ыле өзенінің оң жақ жағалауын алып жатқан ит тұмсығы өтпес қалың нұға тап боласыз. Алғаш қарағанда бұл көк-пен көмкөрілген ну жыныс таңқалдырады: тал, ақ тал, теректер лиана шырмауығы, құлмақтың айқыш-ұйқыш құрсауында қалған; итмұрындар мен жидектер бірыңғай тікенді қабырғалар құрайды. Қалың көк нұдың арасында кездесетін тырбиған, селдіреген жиده ағаштары бозғылт дақ болып көрінеді. Бұл ағаштар өзен құмды жермен аққанда оның жағалауында көгілдір тартып жақсы көрінеді.

Ағаштар мен бұталарға қарап тұрып олардың белгілі бір тәртіппен өскенін байқаисыз. Үлғалды жерлерде бойы биік тал мен жиде, ал құрғақтау жерлерде бұлардан алса шеңгел, жыңғыл бұталары, бұлардың астында, яғни ең тәменгі қабатта айрауық, төсөлме бидайық, қамыс өскен.

Ілден алыстаған сайын табиғат құрғай түседі, сарғыш тартқан сары сазды топырақ бетінде ойдым-оидым ақ таңдақ сор жалтыйрайды. Орман бейнесі де өзгере түседі. Шөлге ғана тән ағаш — тораңғы көзге жиі ұшырайды. Үлғалды жерде өсетін өсімдіктердің орнына құрғақшылыққа тәзімді келген өсімдіктер — алабота, у кекіре, бір жылдық сораң кездеседі. Алайда, шөл тораңғылары базым келеді. Бұл топырақ сортанылышына тәзімді, аяз бер күрғақшылық қауіпті емес. Сондықтан да осы тораңғылар өзі өскен

жерде жиде мен ылғалды топырақты төуір көретін талды ығыстыра еседі.

Іле бойы — шөл ортасындағы тірі өмір өзегі. Түрлі шөп, бұта, ағаштар өзен бойына өзіндік көрік беріп тұрады. Олар өзенде құм мен шаң-тозаңдан қорғап, ылғал сақтайды, табиғатты құлпырытып, көгалданырады. Жаз айларында дәл іргеде шөлдің отты лебі есіп тұрса, өзен бойы тоғайы әрдайым салқын қалпын өзгертуейді. Мұнда шөлге қарағанда ауаның температурасы 5—12 градус те-мен, ал ылғалдылығы 6—20 процент жоғары. Сол сияқты мұнда тауға қарағанда қыс кеш түседі.

Тоғай — Іле өзенінің перзенті. Оның тіршілігі үшін өзен суының маңызы орасан зор. Егер ыза суы деңгейі төмендей кетсе немесе өзен тасқыны аз болса орман қурап, тіршілігін тоқтатады. Демек, қорық жеріндегі шөлді Іле жағалауында өскен өсімдіктер құрамының тіршілігі ұстара жүзіндей қауіпте өтіп жатады. Тоғай іші көптеген ақ мен құстардың құтты мекені. Егер іргесіндегі шөлде тіршілік белгісі сирек байқалса, тоғай ішінде тіршілік әрекеті қайнап жатады. Мұнда елік, құм қояны, жабайы шошқа, Жетісу қырғауылы, бұлбұлдар мен өзге де көптеген сайрағыш құстар тоғайға көрік беріп, көз тартады.

БҰЛБҰЛДАР ПАТШАЛЫҒЫ

Алтын күннің таңғы шапағы мен кешкі арайы қандай тамаша! Дәл осы сәттерде тоғайлар бұлбұл әнін тыңдап тұрғандай. Осынауғажап үн алысқа естіліп жатады. Ауада өсем бір күй сазы тербеліліп тұрып қалғандай.

Әдетте бұлбұлдарды көктем әншісі деп атайды. Шөлде көктем апрель айында-ақ гүлдермен бірге ғайып болады. Бұлбұлдар тоғайға май айында, тікенді жиде хош иісті гүл жарған кезде ұшып келеді.

Тоғайды бұлбұлдар ғана мекенденмейді. Күндіз титімдей оңтүстік кептерлерінің құлаққа жағымды үндері торғайлардың әнімен және қырғауылдардың «таңдай қаққандай» дауысымен астасады. Кейде су жылан мен улы жылан шөп арасында ирелеңдеп бара

жатады. Егер бұлар бұлбұлдың жердегі ұясын байқай қалса, онда аңқау әнші құстардың үрпақтарына қауіп төнді дей беріңіз...

Бұлбұлдар, өсіресе, кешке шаттана ән салады. Кенет, тоғайдың мына бір тұсында әуезді ән құлаққа үрғандай тына қалды. Не болды еken? Көрші тоғайдың бұлбұл әні асқақтап түр емес пе? Ә, түсінікті! Қос қанатын дыбыссыз қаққан жапалақ осында ұшып келген соң, бұлбұлдар да демдерін іштерінен ала, тына қалыпты. Сәлден соң ол екінші тоғайға қарай ұшып бара жатады. Әдетте, олар бұлбұлдар әні асқақтап түрган жерге өш...

Арада бірер минут өтпей-ақ онда да тым-тырыс бола қалды. Ә, жапалақ жеткен еken ғой. Бірақ ол бейқам қалған бұлбұлға тап бола алмады. Оның тапқаны тышқан болды. Бұларды ол түнімен аулайды. Қарақат көзді әншілерді ған ұстаяу қайда!

Уақыт Іле өзенінің өмірін өзгерти. Қазір бұнда ескегінің тұтқасы құлақ тұндыра сықырлаған ағаш қайықтарды көрмейсіз. Қайықтың жыртылған жеріне ерітіп құятын қарамайдың да жағымсыз иісі шықпайды. Дөңгелегі қалаған суға шалп-шалп етіп, өгіз аяқмен жүретін пароходтар да жоқ. Қазір мұнда моторлы темір қайықтар жүйткіді. Жағалаудағы үйлердің тебесінде антенналар бой түзеген. Қуатты катерлер жүк тиелген ауыр баржаларды еркін итереді. Тіпті бакендарда, сигналдық бағандарда керосин шамы емес, электр шамдары жарқырайды. Сонау алыс балалық шақтағы таныс, сүреңсіз өзен келбеті қазір адам танымастай өзгерген...

Бірақ Іле өзені бойындағы бұлбұлды тоғайлар сол қалпында. Бұл төңіректегі басқа дауыстың бәрін бұлбұлдар әні басып кетеді. Осы ән бір сөт те тынбағай да!..

ҚЫРҒАУЫЛДАР МЕКЕНІ

Таңертеңгілік қалың бұта, шөп, ну қамыс арасынан қырғауылдардың «таңдай қаққан» тәрізді дауысы алысқа естіліп жатады. Кейде олар кенеттен аяқ астынан пырылдан шыға келгенде бейқамдықтан селк ете қаласың. Бұл әсем құс біздің жеріміздегі жабайы тауықтардың бірі деп саналады. Бірақ, оның тек қораздарығана көркем, реңді. Ал, мекиенінің қауырсыны сүр түсті, сондықтан

да ол бұта арасында отырған кезде көзге байқала қоймайды. Балапан басатын қырғауыл мекиеніне бүндай қорғаныс рең керек-ақ!

Іле бойында қамыс адам бойынан да биік болып, өте қалың еседі. Қырғауылдар түнеуге осында келеді, себебі, құрғақ қамыс сылдыры тәнген қауіпті тез ағартады. Олар күн ыстық кездері де осы жерді паналайды. Жыртқыш құстар мұнда қырғауылдарға шабуыл жасай алмайды, бұған қамыс бөгет болады.

Қырғауылдар негізгі жемін тоғайдан табады. Тікен жиде, жиде, зерек жемістері қырғауылдардың сүйсіне жейтін жемі. Құзде осы есімдіктердің жемісі, тұқымы пісіп-жетілгенде қырғауылдар «дастарқаны» байып кетеді. Құстар қас қарайғанша ағаш бастарында, шеп арасында жем теріп, қысқа қарсы күш-куат жинайды.

Қыста қырғауылдар ашаршылықта ұшырауы мүмкін. Тоғайға қара жемсаулы тырқылдақ, шетен торғайы, сібір боз шымшығы, сібір қараторғайы қыстауға келеді. Бұлар да жиде, зерек, итмұрын жемістерін құныға жейді. Қурап қалған есімдіктерде сақталып қалған дән-дәнектер тек қырғауылдар үлесіне тимейді. Бұған пайыз торғай, кезеген торғай, жасымның торғайы өүес келеді. Қырғауылдар ағаш бүрін теруге, көң, қоқыр-соқырды аяғымен тебіндең, жем іздейтін кәдімгі тауықтардай, олар қыста қарды тебіндең жем іздеуге мәжбүр болады.

Қырғауылдар үшін ең қауіптісі — қалың қар. Жазда, күзде жерге төгілген есімдік тұқымдарын қар басып қалады, құс жем іздей алмай, күні бойы бұта түбін паналайды. Қалың қарлы қыста көптеген құс қырылып қалады. Қырғауылдар саны қар қалыңдығына және көктемде Іле өзенінің қатты тасуына байланысты өзгеріп отырады. Тасқын су жағалаудағы қырғауылдар ұясын бұзып, жас балапандарын алып кетеді. Қырғауылдардың ересек мекиендерінің қайта жұмыртқа салуы өте сирек кездеседі.

ҚАНАТТЫ БАЛЫҚ АУЛАУШЫ

Тоғайда Іле сары шымшығы, қаршыға тәрізді мақтан торғайы, сары құйрықты тағанақ, сұр тағанақ, жабайы кептер, тағы басқа да ұсақ құстар көп кездеседі.

Өзеннің кейбір саяз жерлерінде қарайып ірі құстар көрінеді. Кейде олар таяз судан әрең көрініп түрган құм саязға қонып отырады. Ол қазір өте сирек кездесетін су бүркіті. Ол Іле жағалауында ұя салып, тұрақты тіршілік етеді. Бұл қуатты жыртқыш құс өзенге жақын ағаш басына ұя салады. Бірақ су бүркітінің өзен алқабындағы кіші-гірім жануарлар мен құстарға зияны жоқ, тек балықпен қоректенеді. Ол шағаладай ептілікпен судан қандай ірі балық болса да тырнағымен іліп алып кетеді. Біз шағаланың ұзақ әуремен балық ұстайтынын білеміз. Ал су бүркіті суға бір шүйілсе болды-ақ, олжа оның темірдей тырнағында кетті дей беріціз.

Су бүркіті өзеннен алыс таулы жерде ғана қырғауыл, қоян, сарышұнақ, кірпі аулайды. Ал ашыққан кезінде адам қонысы маңына келіп, тастаған қалдықтарды жеп күн көреді, тіпті кейде мысық, итке де шабуыл жасайды.

Су бүркіті — маңғаз құс. Су бүркіті жұп құрып тіршілік етеді. Әрбір жұптың алма-кезек пайдаланатын бірнеше ұясы бар ұялайтын мекені болады. Ұясының өзі бір күрделі құрылым іспетті, қабырғасын жуан бұтақтардан түрғызып, ішіне шөп, ағаш қабығын төсейді. Мекиені 1—2 ғана жұмыртқа табады, одан бір айда бала-пан шығады. Су бүркіті ұрлағына өте қамқор келеді, күні бойы балапаның қоректендіреді. Июньнің аяғында балапандар өздігінен ұшатын халге жетеді, бірақ өз ұясынан ұзап кетпейді. Су бүркіті Қазақ ССР Қызыл кітabyна жазылып, жақсы қорғауға алынған.

ҚҰМ ҚОЯНЫ ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚАЛАР

Іле жағасында қоян бәрінен де көп. Олар бір тұстан ырғып шығып қаша жөнеледі, не қалың бұтаға жасырына қалады. Біздің онтүстіктің қояндары қыста да сүр түсті. Шөлді үнемі қар басып жатпайды, жауын-шашыны өте аз (жылына 100—200 миллиметр), әрі шамалы жауған қарды күшті жел сай-салага үрлеп әкетеді. Сондықтан да сүрғылт тұс қоянды жылдың барлық мезгілінде де хаяп-қатерден сақтайды. Олар күні бойы шөп, бұта арасында жасырынып жатады, өйткені күндіз қоянның жауы көп. Міне, қоян жатқан жерге елік жақыннады. Бұта арасынан қояндар атып шы-

ғып, ойынға кіріседі. Бірақ, елік оған көніл аудармасстан өз бетінше жайыла береді.

Қоян ерлігін түсіндіру оп-оңай. Олар үшін еліктер құзетшілік міндет атқарады. Өз қауіпсіздігін ойлайтын тұяқтылар қауіп тәнген сette бас сауғалап қаша жөнелгенде қояндар да шөп арасына жа-сырына қояды.

Кесірткенің құйрығынан ұстап алсаңыз қолыңызда құйрығын қалдырып, өзі құтылып кететінін кім білмейді. Иә, тірі қалу үшін құйрық садақа! Дегенмен, өкінетін ештеңе жоқ, кесіртке құйрығы тез жетіледі, бірақ бұрынғысынан келте болады. Әйтеуір құйрық қой. Ал, қоян басқаша аман қалады. Егер, оның жауы терісінен ұстаса, ол терінің сол жерін жауға «ескерткішке» қалдырып қашып кетеді. Бір қызығы сол, тері жұлдынған жерден бір тамшы да қан шықпайды. Қоянның осы бос терісі оның тіршілігін сақтап қалады. ЗАқымданған жер тез жетіліп, қалпына тез келеді.

Қар көп жауған жөнө қалың қарлы қыста қураған шөп пен есімдік тұқымдары қар астында қалғанда қоян өте көп қырылады. Мұндағы қыс Іле шөліне тән емес, өте сирек кездеседі. Сондықтан да қояндар бұған бейімделмеген. Өздерінің сұр «тондарымен» қар үстінде жыртқыштар көзіне бірден шалынады.

Тоғайда басқа да жануарлар тіршілік етеді. Өзеннің сұы таяз күм сазынан өз мекеніне келген құладынды қуған шағалалардың шаңқылдаған дауысы шығады. Бұл бір үректің ұясы емес. Ұясын қорғаған шағаланың жабыла қууы адамға да қолайлы емес, өйткені олар бірнеше минут ішінде өз саңғырығымен адамды әкпен ақтағандай сатпақ етеді.

Кешкүрим тоғайдағы өзен жағалауында қармақ салып түрғанда жүзіп бара жатқан су егеуқұйрығын көруге болады. Егер оларды бақылауга алсаңыз тәмпешіктердегі құргақ жапырақтардан жасалған ұяларына кіріп-шығып жатқанын аңғаруға болады. Су егеуқұйрығы көбіне жағалаудағы жардан ін қазады.

Түнде тоғайда маңыраған елік даусы естіледі, құстар мен ұсақ аңдардың қас жауы — жабайы мысықтар сыйдырысyz басып бара жатады.



ТОҒАЙ ІРГЕСІНДЕ

Іле арнасынан сәл ұзасаң-ақ болды, тоғайдың жасыл нұын сазды-тастақты шөл жалғастырады. Өзен арнасы алыстаған сайын тіршілік те сезілмейді, шөлдің аты шөл, жасыл өсімдікке нәр беретін ыза суы ұзаган сайын сиреп, тереңге тартылышп, жер бетін ақ таңдақ сор басады; топырағы жарылған жалаң тақырларда көктем қысқа мерзімде өте шығады.

Жалды құмдарда тіршілік белгісі жоқ сияқты. Кей жерлерде сирек өскен Лессинг жусаны, баялыш, ебелек, кәдімгі соран, бұйыргын көгеріп көрінеді.

Шағыл құм төбелері арасындағы тақырлар мен сорда қара сексеуіл, ал жалды құм дөңестерінде ақ сексеуіл өседі. Бұлардың сырт пішіні өте ұқсас: екеуінің де бұтақтарға жабысып тұрған қа-быршақ-жапырақтары көзге әрек қөрінеді, қара сексеуілдің биіктігі көбінесе 10 метрден, ал ақ сексеуілдің биіктігі 5 метрден аспайды. Сексеуіл — тіршілік ағашы. Оның тамырын сусымалы құмдар бекітеді, ағаш көлеңкесінде шөл шөптері өседі, ал бұтақтары құстар мен насекомдардың баспанасы.

Шөл өсімдерінің барлығы да ылғал үнемдеуге бейім. Олардың жіңішке, әрі кішкене жапырақтары суды буландырмайды, тереңге кететін ұзын тамырлары өте әріден ылғал тартады.

Көктемде шөл танымастай өзгереді. Көктем жаңбырынан нәр алған құм мен саз қысқа мерзім өсетін баданалы қоңырбас, раң шөл шатыры гүлімен безене түседі. Бұл өсімдіктер қысқа мерзім

ішінде тіршілік энергиясын жинап алуға асығады, бірақ апрельдің аяғына дейін гүлден біtedі.

Көктемнің ұмытылмас реңін сирек кездесетін бұлақтар маңындағы өзіндік келбеті бар кішкентай көгалдар ғана еске түсіреді. Бұларды жыңғыл, шенгел нұы қоршап жатады, ал суларында қамыс өседі.

Шөлде жаздың қапырық күнінде де тіршілік өтіп жатады. Оның тіршілігін көре де, сезе де білу керек. Құмды кесірткелер, қара қоңыздар, бозторғайлар және қосаяқтар мекендейді. Құм бетінде олардың әрлі-берлі жүрген мындаған ізін көруге болады. Міне, құмда саршұнаққа үқсас құм тышқаны із тастаған, кірпі де асыға өтіпті. Құм кесірткелері мен ірі қоңыздар да өз іздерін қалдырыпты. Жыландар мен ірілі-ұсақты сан-алуан жәндіктердің іздері сайрап жатыр.

Түнде құм төбелеріне түскен іздерді таң атқанда көргенде, бұған түнімен ірі жанбыр жауғандай көрінеді. Құн төбеге көтерілісімен құм бетіндегі ізді жел үрлеген құм жуып-шайып кетеді.

Шөл кесірткелері «өз істерімен» жүйіткіп жүр. Оларды қозғалғанда ғана көруге болады. Тоқтап тұрса көзге оңайлықпен шалынбайды, олардың терісінің реңі қоршаған тіршілік ортасының түсіне өте үқсас келеді. Кесірткелерді қолмен ұсташа қыян-ақ. Оның шапшашаң қозғалғыштығы құм үстінде іннен-інге тез жетуіне, жауларынан құтылып кетуіне көмектеседі.

Бауырымен жорғалаушылардың ішінде өсіресе, оқ жыландардың өзіндік ерекшелігі бар. Халық оның көз ілеспес жылдамдығына байланысты осылай атаса керек. Жыланның денесі жіңішке, бітімі тығыз, жотасы сұрғылт қоңыр жолақты, ұзындығы 90 сантиметрге жетеді. Басы өте кішкене, денесімен тұтаса біткен. Жанынан қарағанда жыланның басы үшкір көрінеді. Ол сазды және құмды шөлде, сексеуілдер арасында жиі кездеседі. Оқ жыландар кесіртке аулағанда оқтай атылып 40 сантиметр биіктікке шапшиды. Оның улы тістері өзге жыландарға қарағанда терендे жатыр. Осыған орай оқ жыланның уы ірі жан-жануарлар мен адамға онша қауіпті емес.

Пішінімен өліп біткен қазба кесірткелерге ұқсаған агама деген кесіртке де өзіндік келбетімен қызық. Оның қүйрығы ұзын, мойыны қысқа, аузы тісті, ұзындығы 30 сантиметрдей, өткен дәүірлерде тіршілік еткен кесірткелердей агаманың денесі мүйізденген қабыршақпен қапталған. Агамалар айбат шеккенде әдеттегі сұрғылт реңі кек сары, ұрғашысында қызылт түске өзгереді.

Агамалар шөл жағдайына әбден бейімделген. Олар өте жылдам жүгіреді, ыстықта төзімді. Олардың дene температурасы тұрақты емес. Сондықтан да шөл ыстығы 50 градусқа жеткенде не бұдан асқанда сексеуіл басына өрмелеп шығып, салқындал отырған агамаларды көруге болады.

Мұнда тіпті ая райы қолайлы таулы аудандарға қарағанда өрмекші тәрізді наsectомдар да көп. Құршаян, жалған құршаян, тұкті бүйі, пішен шегі, өрмекшілер құм тәбелер мен құмдарда мекендейді.

Даму тегі жағынан ежелден келе жатқан құршаяндар жемін аулауға ымыртта және түнде шығады. Бұл аса улы жыртқыш наsectом. Оның уы құрсағында болады, оны жеміне инедей өткір бізімен шаншып құяды. Денесінің ұзындығы кейде 4 сантиметрге жететін құршаяндар да кездеседі. Жемі — әр түрлі наsectомдар. Құршаянның уы адамға онша қауіпті емес.

Тұкті бүйі де жыртқыш наsectом, бірақ оның уы болмайды. Ол құршаяннан үлкен (6 сантиметрдей), жемі — наsectомдар. Сондықтан да әдетте құршаяндар мен бүйілер түнде наsectомдар көп жиналатын от жарығына үйір келеді.

Қорық шөлінде үлкен өрмек тоқымайтын өрмекші түрлері — се-кіргіш өрмекші, өрмекші-қасқыр, бүйі көп кездеседі. Олардың ішіндегі ең ірісі бүйі, оның денесінің ұзындығы 5 сантиметрге жетеді. Сазды топырақты жерлерде құдық тәрізді тіке ін жасап, соған түскен наsectомдарды жеп тіршілік етеді. Ұрғашысы балаларын арқалап жүреді. Бүйі қатты шағады.

Қаралыптар өрмекшілердің ішіндегі ең қауіпті түрі. Оның уы адамды өлтіріп жіберуі де мүмкін.

ҚАРАҚҮЙРЫҚТАР

Іленің лай суы жалаңаш жағаны шайып жатыр. Қорықтың осы жағынан тастақты шөл мен құм өзенге тіреле біткен. Жайпақ жағалауда жан-жақтан келген мал түяғының соқпағы көрінеді. Міне, бұл Қазақ ССР-інің Қызыл кітабына енгізілген, сирек кездесетін тұяқты жануар — қарақүйрық салған жолдар.

Жағалаудан алыста сары нәрсे көзге шалынды, демек қарақүйрықтар бірінің соңынан бірі келеді. Дүrbімен қарағанда бес теке көрінді. Олар өзенге жақындаған сайын жиі-жіі тоқтап, тың тыңдайды, алдарына қауіптене қарайды. Айнала тып-тыныш. Қарақүйрықтар жақындалап келді. Міне, суға бірнеше ғана адым қалды. Олардың бірі сі iшсе, екіншісі төңіректі бақылайды.

Өзеннің бұрылсысынан қайық көрінді. Көзді ашып-жұмғанша қарақүйрықтар жоқ болады. Көз ұшында тек олардың сүлебесі ғана ағарандайды.

Қазіргі кезде қорықта қарақүйрық қатаң қорғалады. Көптеген жерлерде қарақүйрық жойылып кету алдында тұр.

Жазда қарақүйрық әдетте таңтертең және кешке жайылады. Ал, ыстық мезгілде шөлдің сирек те болса тал-шіліктерінің көлеңкесін паналайды. Құзде, көктемде және қыста құні бойы жайылады, жыңғыл, киеуіл, бұйырғын, бетеге, сіңір, сораң, сексеуілдің жас бұтағын жейді.

Шөлді қалың қар басса, қарамұздақ болса қарақүйрыққа қын жағдай тудады. Олар жайыла алмайды. Мұндайда қарақүйрықтар Матай тауының оңтүстік беткейлеріне көтеріліп, тау текелерімен бірге жайылады. Арықтаған қарақүйрықтар қасқыр мен ірі жыртқыш құстардың жеміне оп-оңай айналады. Бұларды кейде бұркітте аулайды.

АРҚАР СҮРЛЕУІ

Саздақты және тастақты жазық шөл бірте-бірте Кіші және Үлкен Қалқан тауларына ойысады. Мұнда орман жоқ, бірақ Қалқан алыстан қарауытып көрінеді. Бұл — күннің ашыры ыстықты-

тынан, ыстық пен сүйктың алма-кезек ауысып отыруынан, құштің жеден ғасырлар бойы тұрған Қалқан тауының жартастары біртіндей болып жатады.

Жазық шөлдегі сияқты бұл жердің де ауа райы құрғақ: қысың сүйк, жазы ыстық. Аяз 45 градусқа, ал ыстық та 45 градусқа жетеді. Өте күшті жел (сағатына 60 километр) қарды үрлеп етеді. Қектем кезінде несер жаңбыр салдарынан, сел де қырышық тас аралас болып тұрады.

Бұл жер тау қойларының (арқардың) құтты мекені. Арқарлар Қазақ ССР-нің Қызыл кітапына енген сирек кездесетін жануарлар.

Олар ете үркек, дегенмен дүрбі арқылы Қалқан жайылымдары мен құздарынан мүйізі бұранда төрізді ауыр арқарларды жиі көруге болады.

Жазғы алтап ыстыққа дейін арқарлар күні бойы астық тұқым-дас шепті жайылымдарды іздел, онда бетеге, қылма, боз, бұйырғынды жейді. Ал, жазда таңертеңгілік және кеште жайылады да күннің ыстық кезінде тау үңгірлерін панарайды. Қалқан тауларында су жоқ, сондықтан да арқарлар таңертең, не кешке Іле өзеніне келіп, су ішеді. Олар мұнда бір сүрлеумен келіп, қайтады. Олар сортаңды суды да ішеді.

Осы арқарлар сүрлеуін пайдаланып қорық ғалымдары бұл тұқытты жануарларды бақылап, есебін алады. Арқарлар тіршілігінен көп нәрсе белгілі. Табында 9-дан 28-ге дейін арқар болады. Аралас табынды есейген саулық арқар, ал тек қамқорлардан тұратын шағын топты көрі қошқар бастайды. Қазір қорықта барлығы жүзге жуық арқар бар. Жазда шөп қурап кеткенде олар тауға қарай көтеріледі.

Бұлт тау шыңдарын басып, ештеңе көрінбей қалса, саулық арқар бір орнынан қозғалмай жата қалады. Ал, қозылары оның үстіне шығып, жайласып жатады. Олардың қой қозыларынан өзгешелігі осы. Жел тау шыңдарынан бұлтты қуып әкеткенде дымқыл тастарға тағы да күн нұры төгіледі. Сонда ғана арқарлар орындарынан тұрып, жүре бастайды. Саулық арқар өзінің ойнақтаған қозыларымен әрі қарай жол тартады.

Арқарлар жыл бойы тауда тіршілік етеді. Мындаған жылдардан

бері олардың организмі тіршіліктің ең қатал жағдайларына әбден шынығып, бейімделген.

Олар бүкіл қыс бойы тұқыттарымен қар астынан құрғақ шөпті тебіндеп, сонымен қоректенеді. Тіпті, өте суық кездерде арқарлар желге арқасын беріп, жалаңаш таста күйесеп жата береді.

Селекционер-ғалымдар арқарларды көптен бері мұқият зерттеп келеді.

Жыл сайын жаздың басында жүздеген мың қой тау етегіндегі жайлауга шығады. Бірақ, мал отарлары онда көп ұсталмайды. Август айының жаңбыры мен тұманы, тау басына ерте түсетін қар шопандарды етекке түсуге мәжбүр етеді. Бұл көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан.

Бірақ жүнінен өте сапалы мәуіті маталар тоқылатын меринос қойлар солтүстік жөне таулы жердің климатына бейімделмеген.

Ал, қойдың жақын ата тегі жабайы қой — арқарлар болса біздің тауларымыздың тұрақты тұрғыны. Олар үшін қарлы борасын мен аяз қауіпті емес.

Сондықтан да ғалымдар Н. С. Бутарин, Е. В. Большаков пен А. И. Жандеркин арқарлар сияқты тау жағдайына бейімделген биязы жүнді қой өсіруді қолға алды. Арынды Таушелек өзенінің жағасындағы Алматы қорығында СССР ғылым академиясының Қазақ филиалының үлкен Күрмекті базасы құрылды.

Таңертең Николай Саввич Бутарин мен екі қорық сақшысы Күрмекті базасынан Күнгей Алатауының шыңдарын бетке алғып, салт атлен шықты. Бұл арқарлар «махаббаты» оянған ноябрь айының аяғы болатын. Қалың тұман арасында олар ұзақ үақыт жүріп отырды. Жоғары өрмелеу оңай емес. Айналада қара тастар мен аршалардың сирек түптері кездеседі. Кейде аттардың тұқ дүрсілінен тау кекіліктері пырылдай ұшып, дауыстарымен меңіреу тыныштықты ғұзып жатты.

Тағы да біраз көтерілген соң, тік жақпар тастар көзге шалынады. Айналаның бәрінде аппақ қар жатыр. Тек күнгей жақ қана әлі қарсыз, шәбі қураған. Бұл — бетеге. Арқарлар мен таутекелер осында жайылады. Төңіректе олардың жаңа іздері мен құмалақтары көрінеді.

Бутарин аттан түсті де иғынан мылтығын алып, тастардың арасына жасырынды. Аңшылар арқарларды осылай қарай қақпайлап келуге кетті.

Уақыт баяу өтіп жатты. Николай Саввич дүrbісін тау шыңдарына бағыттап, шыдамдылықпен күтіп отырды.

Кенет алыстан тастар домалай бастады. Тастандардың арасынан әлдене қозғалды... Бұл таутеке. Үлкен тасқа ырғып шыққан екі ешкі қозғалыссыз түр. Олар көгілдір аспан фонынан тамаша көрінеді. Бірақ, ғалымдардың күткені бұл таутекелер емес-ті, сондықтан да оқ шығарған жоқ.

Тағы да ұзақ күту. Кеш таяп келеді. Кенет, ғалым жасырынған түсқа қарай бірнеше үргашы арқарлар бет түзеді. Олар оның дәл жанынан жүріп өтті. Тағы да айналаны тыныштық басты.

Ақырында — міне ол! Мүйізі қарағайдай үлкен қошқар тау жықпилынан шыға келді. Ол құғыншылардан сақтанып, артына жиі-жіңі қарап келеді.

Мылтықтың аузы, адамның көзі мен жануардың кеудесі бір сыйықтың бойында қас қағым сөтте кездесе кетті. Айналаны жаңғырықтыра мылтық атылды. Арқар сұлқ түсті. Мылтық даусы таудың сай-саласын жаңғырықтыра шығып барып, басылды.

Бутариннің шығарған дәл осы жалғыз оғы Қазақстандағы мал шаруашылығындағы үлкен оқиғаның бастауы болған еді...

Арада бір сағат өткен соң Құрмекті базасының сүрлеуінде тұяқ тарсылы естілді. Ақ кебікке малынған атынан ырғып түскен ғалым лабораторияға жан үшүра жүгіріп кірді. Оның қолында әлгінде ғана Құнгей Алатауынан өзі атқан жабайы арқардың ұрығы бар еді.

Меринос қойлар қолдан ұрықтандырылды, сейтіп, Алматы қорығы тауындағы арқардың тұқымынан тараған қозылар дүниеге келді. Бұл кішкентай буданың арқарлар сияқты дене құрылышы тығыз, кеудесі кең, аяқтары мықты болды. Тіпті, осы қозылардың көптеген қимыл-әрекеттері арқарлардан аумайтын еді: олар түнде жабайы арқарлардың қозыларына тән қасиетпен тоңбау үшін саулықтардың үстіне шығып жатты.

Мериностардың жібек тәрізді жүні будандарға мұра болып қалды. Фалымдарға керегінің өзі осы еді. Бірақ, бұл сәл дәрекілеу сезілді. Міне, ізденіске толы селекциялық жұмыстың көптеген жылдары артта қалды. Содан бері жиырма жыл өте шықты. Фалымдар діттегендеріне жетті. Сөйтіп, арқар төзімді, тамаша биязы жүні бар қойдың жаңа түрін дүниеге алып келді. Бұлар жайлау рахатын ғана аңсаған төзімсіз қойлар емес. Арқар-мериностар тауда да өздерін өте еркін сезінеді.

«ӘНШІ» ҚҰМДАР

Бұл күзде болған оқиға еді. Талтусте күн шайдай ашық еді. Бірақ, түн қатты салқындай түсті. Шыбындар мен соналар болмаса да қорық сақшыларының аттары күндізгі әдеттері бойынша тыным таппай, құйрықтарын үздіксіз бұлғаңдатып, шыбындан тұрды. Бұл қасиет олардың бойында қысқа дейін сақталады.

Қорық сақшылары қас қарайған кезде Жоңғар Алатауы мен Үлкен және Кіші Қалқан таулары тарамдарының аралығындағы кішігірім бұлаққа келді. Бұлақ тастардың арасымен сылдырай ағып, қараңғыға сіңіп кетіп жатты. Айналада тәменгі жағындағы жапырақтары тал жапырағындағы сопақша келген, жоғары жағындағылары көктерек жапырағындағы дөңгелек пішінді, бірақ қаңылтырдай қатты тораңғы жапырақтары сыйбырлайды.

Қорық сақшылары аттардың ер-тоқымдары мен ауыздықтарын алғып бос қоя берді де, тораңғы бұтағынан маздал жанған от жаңына жантайып жатып, шайдың қайнавуын күтті. Кенет, таяу жерден құдды бір фабрика гудогындағы дауыс естілді. Бұл күтпеген жайт еді:

— Жарық көрінбейді, ал тіпті таяу жерден гүіл естілді емес пе?— деп таңқалды жас қорық сақшысы.— Бұл маңда тірі пенде тұрмайды демеп пе еді, міне, керек болса, фабрика гудогы!

— Бұл гудок емес, үлкен құм тау өн салып жатыр,— деп сабырмен жауп берді қорық сақшысы.— Қарттар онда әлденеге жазаланған сайтан байланған деп сендіреді. Біз, жастар, бұған

сенбейміз, дегенмен кімнен сұрасаң да, бұл құпияның сырғын дәл айтып бере алмайды.

Ұзамай құпия гудок тынды. Ақ қыраулы таңғы салқын қорық сақшыларын көп ұйықтатпады. Суықтан бүрісө жүріп олар таңертеңгі ас қамына кірісті. Тұнгі самал тына қалды.

Улken құм таудан созылыңқы гүіл тағы да естілді. Оның таптаза ақшыл құмы жаңа шашырап келе жатқан күн сәулесімен қызығылт тарта шағылысып, Қалқанның екі үлкен қара жотасының арасында жол тонаушылардың тұтқынындағы сұлудай болып тұр.

Арада бір сағат өткенде қорық сақшылары үлкен құм төбенің басында тұрды. Маңайда шөл ондаған километрге созылып жатыр, ал алыста Іле өзенінің айдыны көзге шалынады. Айналада не завод, не елді мекен көрінбейді.

Қорық сақшысы таудан тезірек түсіп, лагерьге тезірек барып, ері қарай жолға шығуды үйғарды. Ештеңеден секем алмаған ол құм төбеден балалық шағындағыдан сырғанап түсіп келе жатты. Онымен бірге сусылдақ құм төмен қарай құйылды. Кенеттен тау аңғарынан қуатты ғүріл естілді. Қорық сақшылары аяқ астының тербелтіліп тұрғанын аңғарды. Гүіл күшеген сайын, құм да тербелтіле түсті. Олар тек етекке түскенде ғана жеңілдегендей еркін дем алды. Гүіл бірте-бірте тынды.

Бұл «әнші» құмдар — ете сирек кездесетін құбылыс. Улken және Кіші Қалқан тауларының аралығында өзіндік жер жағдайына және Іле өзенінің жақындығына байланысты жел орай пайда болады да, жел өзеннің таяз жерінен құм суырады. Фасырлар бойы бұл жерде биiktігі 150 метр, ал ұзындығы 2 километрге дейін созылған үлкен құм төбе үйген. Самал жайлап соққан кезде құмның қалай суырылатыны көзге аңғарылады. Егер жел күшеге түссе, тау жотасы құмдақ бүрқасыннан мұнарланып тұрады. Жел құмды қысып, оның суырылуына жол бермейді. Ал, жел басылғанда ғана құм төмен қарай сусылдайды.

«Әнші құмдар» біздің еліміз бер шет елдердің бірнеше жерінде ғана кездеседі. Бірақ олардың үстімен жүрген кезде құм тек сыйбырлап, сусылдайды. Ал біздің құм тауымыз кеме, не завод гудогындағы дыбыс шығарады. Табиғаттың ете сирек кездесетін

осындаі көрінісін мәңгілік қорғау жөнінде шешім қабылданған. Соңдықтан да шөлдің осы жері қорыққа айналған.

Күні бүгінге дейін бұл құбылысқа анықтама берілген емес. Әр түрлі пайымдаулар ғана бар. Дегенмен, ауаның құрғақ кезінде құмның бір-бірімен үйкелуінен дыбыстың пайда болатындығында ешбір құмән жоқ. Гүіл бірнеше шақырымға естіледі.

Професор П. И. Мариковский осы үлкен төбенің құмның бетінің жағында өте тығыз ылғалды құм қабаты бар деп есептейді. Содан құм сусылы өте күшнейеді. Осыдан келіп гүіл шығады. Таудағы жаңғырық қолайлы жағдайда тығыз құм қабатымен шағылысып, тау жаңғыртатын үлкен күштердің толқынын туғызады.

Озге ғалымдар дыбыс құм қыыршығының молекулалық құрылышының ерекшелігінен пайда болады деп есептейді. Кейбіреулер құм қыыршығының сыртын марганец пен калийдің қоспасы жауып тұратындықтан, дыбыс құм түйіршіктері үйкеюінен пайда болады да, бейне бір шайырдың қосылысы қатты дыбыс шығарғандай күшіне түседі деп есептейді. Дыбыс ауа мен құм қыыршықтары арасындағы тербелістен пайда болады деген жорамал да бар.

Соңғы жылдары москвалық ғалым В. А. Арабаджи Ока өзені жағалауындағы «әнші» құмдар мен біздің «әнші» тауларымызды зерттеп келеді. Ол әр түрлі жағдайдағы құм гүілін магнитофон плёнкасына жазып алғып, қазіргі акустикалық приборлар көмегімен лабораторияда талдау жасады. В. А. Арабаджи да П. И. Мариковскийдің пікірінә қосылды: дыбыстың пайда болуы құмның үстіңгі қабатының астында бұдан тығыз, құм бетінде жел әсерінен пайда болған «толқын» тәрізді ойлы-қырлы құм құрылымы түзілуіне байланысты, демек құмның үстіңгі қабаты осы ойлы-қырлы құм қабаты бетімен сусып жылжығанда тербеліп дыбыс шығарады деген тұжырымға келген. Автор өзінің болжамын елеулі математикалық есептермен дәлелдейді. «Бірақ шыны сауытқа немесе қапшыққа салынған, әрине, арапастырылған осы құм, ешқандай тығыз, оның үстіне толқын тәрізді қабат болмаса да сілкілеп қойғаннан соң неге біраз уақыт дыбыс шығады?» деген сұрақ туады.

Демек, одан әрі зерттей түсу керек.

Қазір жер шарында құмдары гүіл шығаратын жүзден астам жер

бар. Олар Африкада, Гавай аралдарында, Америка континентіндегі елдерде бар. СССР-де мұндай құмдар Кола түбегінде, Байкал жағалауында (Святой Нос түбегінде), Рига теңіз көмерінде, Ока, Днепр, Вилюй және Лена жағалауларында, тіпті Поляр шенберінің ар жағында да бар. Дегенмен, СССР-дегі ең үлкен «әнші құмдар» Алматы қорығындағы «әнші» таулар болып есептеледі. Құшті жел соққанда үш шақырымға дейінгі үйлердің терезесінің әйнектері дірілдеп кетеді. Сонымен, Алматы қорығындағы «әнші» таулар құпиясы құні бүгінге дейін ашылмай отыр. Әрине, бұл құбылыстың актуальды шаруашылықтық маңызы болмаса да, ғылыми жағынан дәлелдеуді талап етеді. Қазақстан ғылым академиясы Алматы қорығындағы бұл жұмбақ жайды түсіндіруге өз көмектерін көрсеткені дұрыс.

ТАУДЫҢ ЖАЛПАҚ ЖАПЫРАҚТЫ ОРМАНЫ



АЛА ТАУ

Шөл мен тоғайлардың оңтүстігін ала Солтүстік Тянь-Шань тауының сілемдері Іле Алатауының орталық жотасы мен мұнда-лайды.

Алматы қорығының тауларын да ала деп атауға әбден болады: оның етегінен бастап шыңына дейін әр түрлі рең мен ландшафттар көз тартады. Жоғары өрлеген сайын тау көрінісі де өзгере береді. Етегінде шептесін өсімдіктер мен бұта нұы өскен, ал теңіз деңгейінен мың метр биіктікте орман өседі. Солтүстік беткейінде жабайы алма, өрік, таңқурай, қара жеміс, долана, зерек, үшқат, үйеңкі, итжүзім, көктерек, мойыл өседі. Осы жалпақ жапырақты ағаш арасынан атақты Тянь-Шань немесе Шренк шыршасы деп аталатын пирамида тәрізді биік ағаштар кездесіп қалады.

Әсіресе, көктем кезінде ағаш арасында өскен эфемероидтар түрлі түске боянған кілемді есіңе салады. Қоғажай, айдарша шеп, қазжуа, алтай торсылдағы, жабайы жаушымылдық, тағы басқа өсімдіктер көктемнің уылжыған күндерінде гүл ашады.

Егер таудың солтүстік беткейлерінде орман тұтасып жатса, оңтүстік, батыс пен шығыс беткейлерінің біраз бөлегі дала мен шалғынға айналған. Бұл жерлерге күн ұзақ түседі және күштірек қыздырады. Міне, сондықтан да оңтүстік беткейде далалық микроклимат байқалады және дала өсімдігі таралған. Бұнда қылқан селеу, Ганешин құмбетегесі, бремер атқонағы, әр түрлі жусандар өседі.

Батыс және шығыс беткейлерінде шалғындық шөптерден — таспа, шалғындық қозықұлақ, Тянь-Шань ерекшебі, шабындық қоңырбасы, аюбалдыңған өседі. Бұл жерде тал-шілік те бар. Мұнда елік те келіп кетеді.

Оңтүстік беткейде бауырымен жорғалаушы жәндіктер көп. Қе-дімгі улы сүр жылан, Паллас қалқан тұмсық жыланы, су жылан, қара шұбар жылан шөп пен тас арасында жасырына тіршілік етеді. Әсіресе, Алтай жалаңкөз кесірткелері өте қызық, шағылысу кезінде олардың сүр түсі қоңыр-қызыл түске айналады.

Алғаш қарағанда таудың оңтүстік беткейі өзінше жеке бір оқ-шауланған тіршілік ететіндей әсер береді. Бірақ, бұл олай емес. Ормансыз оңтүстік баурайдық қорықты мекендереген көптеген жа-нуарлар үшін маңызы аса зор. Әсіресе, бұл тау ормандары жануарлар үшін ерекше. Әңгіменің негізі мынада жатыр. Қысқы күндері солтүстік беткейлерге күн түспейді, жауған қар ағаштар-дың көлеңкесінде жатады, оның қалындығы 1,5—2 метрге жетеді. Мұндай жағдайда жануарлар азықсыз қалады, әрі жыртқыш аңдар-дан қашып құтылу да оңайға түспейді. Ал, іргелес түрған оңтүстік беткейлерде қар болмайды, жылы болады, әрі шөп көктеп жатады. Осы жерге марал, елік, қабан, таутеке, ұлар қоныс аударады.

Осындай өсімдік әр түрлілігі ауа райының құбылмалылығынан деп білу керек. Жаз айларында тауға әр жүз метр көтерілген сайын ауаның тәуліктік орташа температурасы 0,7 градусқа сал-қындей түседі, ал қысқы январьдың орташа температурасы 8,4 градус болады. Таудағы жалпақ жапырақты ормандарда жылдық орташа температура плюс 7 градус. Тауға көтеріле түскен сайын күн сәулемесінің радиациясы арта түседі.

Таудың климаттық белдеуіне жақын түрған шөлдің ыстық лебі мен рельеф әсер етеді. Бұл әртүрлі участкердегі жергілікті кли-маттың ала-құлалығын туғыздады.

Іле Алатауының топырағы да ала-құла. Тіпті кішігірім участке-лерде топырақтың бір түрі екінші бір түрімен аралас-құралас тұтасып жатады. Осындай ала-құлалыққа қарамастан жалпы заң-дылықты анықтауға болады: солтүстік беткейдің орманды белдеуі-нің төменгі бөлігі өте құнарлы (қарашірігі 16—18%) — тау орманы-

ның күнгірт-сұр топырақты, одан басқа өзгеріске ұшыраған қара топырақты, сондай-ақ тегіс жердегі шалғындар мен биік тау дала-лары қара топырақты болып келеді. Жоғары көтерілген сайын топырақтың құнарлылығы азайып, тастақты бола береді де қабаты жұқара түседі.

Көкорай шалғынның молдығы, табиғат жағдайының қолайлылығы Іле Алатауының қойнауына көптеген жануарлардың келуіне себеп болған.

ЕҢ ӘДЕМІ ЖАНУАР

Тауға алғашқы қалың қар түсті. Ол күні бойы жауды. Көктемге дейін ақ көрпе жануарлар азығын қымтап жатты. Еліктердің қысты қалай қарсы алғандықтары іздерінен көрініп тұр. Жан-жағына үркे қараған елік кең адымдаған, еш жерге аялдамастан тартып келеді. Тау етегінде бұлақ сұзы сылдырлайды. Ол әзірше қата қойған жоқ. Елік бұлақтан ырғып өтті. Енді арғы беттен екі елік ізі пайда болды. Демек, бұл төлін ерткен елік.

Еліктер түні бойы қорықты ерсілі-қарсылы қезіп, қарсыз жер іздеді. Бірақ, қар жерді біртегіс жауып тастап, жабайы аңдардың күнделікті тіршілігін бұзды.

Аш еліктер тақ атқанда аш күйінде жата кетті. Тек, олар бірте-бірте тұяғымен жабайы алма ағаштарының түбін тебіндең, күзде түскен алмаларды теріп, бұталардың жіңішке бұтақтарын шырпып, ағаш қабығын сыйдырып, қардан шығып тұрған қураған шөп сабактарын жұлып жеуғе бейімделе бастады.

Таңертең қорық сақшысы Солтүстік Талғар аңғарымен жүріп келе жатты. Ол баурайда жайылып жүрген екі елікті көрді де тоқтай қалды. Жануарлар бейқам еді.

Бір елік қорықшыны байқады да, қыбыр етпестен алдыңғы аяғын көтерген күйі тұрып қалды. Үлкен құлақтары қайшыланып кеткен. Дүрбіден оның қара танауынан шыққан буы анық көрініп тұр. Ол бірнеше қадам аттап барды да басын зеректің бір топ бұтағының аржағына жасыра қойды. Екінші елік көрші бұтаның арасына түлғасын жартылай сұға кіре кетті. Қимылсыз қатып қалған

олар төнген қауіптен жасырындық деп есептеді. Олардың сұр жотасы мен бексері қоршаған ортамен астасып жатты. Тек ақшыл бексері ғана көзге аңғарылып тұрды.

Бұл бұғылар қысқы күні таңертеңнен кешке дейін қураған құрай, бұта шырпыларымен қоректенеді. Ақ қарда олардың бейнесі айқын аңғарылады. Еліктөр — қорық көркі.

Бірақ, июль айының жылды түндерінде аңғар бойында кенеттен ашы даусы шығады. Бұл еліктің даусы екендігіне сену қыын. Олардың сымбатты тұлғасына сай емес даусы шығаратынына тақ қаласың.

ОЛАР ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Талғар аңғарының жалпақ жапырақты тау ормандарында бұғының бір түрі марал қайта кездесе бастады. Бұл тамаша жануарларға қорықта сонау бір тұста тәртіп басеңдеп, сүйк қару жиі-жіңі кезеңділ, олар көп шығынға ұшырады, сондықтан мекен ауыстырып кеткен-ді. Қазір Оңтүстік Талғар өзенінің аңғарында 80-ге жуық марал бар. Олар есіп келеді.

Ерек маралдың басында тармақты үлкен мүйізі бар. Мүйіз — маралдың мақтансышы, әрі жыртқыштардан қорғанатын қаруы.

Ерте көктемде ерек марал өткен жылғы мүйізін тастанады. Май айында жаңасы өсе бастайды. Бұл жұмсақ терімен қапталған тұқыл — пантты. Одан аса бағалы дәрі — пантокрин алынады.

Августқа қарай мүйіз бірте-бірте сүйектеніп, қата бастайды. Бұғы мүйізінің сыртындағы тері қабығын түсіру үшін оны ағашқа үйкейді, жер қазады. Нәзік, барқыт тәрізді қабығы түсіп, мүйіз қоңыр тұс тартады, ұштары өткіренеді. Жыл сайын мүйіз үлкейе түсіп, 15 килограмға дейін жетеді.

Күзден бастап күшті марал өз тәңірегіне бірнеше ұрғашы маралдарды жинап үйір құрады. Олар қыс бойы бірге жайылып, ұрғақ шөп, тал-шлілкің жас бұтақтарын қорек етеді.

Жаз шыға марал үйірі жан-жаққа тарап кетеді. Ұрғашы маралдар орманнаның қалың бұта нуларының ішінде жүріп жалқы төлтабады.

Дүниеге келген төл алғашқы сағаттарда анасымен бірге болады. Әлсіз аяқтарымен қозғалып көтерілгісі келеді. Марал жылың тілімен оның үстін жалайды. Бір түн өткен соң марал төлін жалғыз қалдырады. Ол таяу маңда төліне көз қырын сала жүріп жайылады. Бірнеше күн өткен соң жас төл жүре бастайды. Содан соң марал оны ертіп алып тауға көтеріледі. Ол жайымен жүріп тыңтыңдайды. Кейде олардың жолын аюдың жаңа ізі кесіп өтеді. Енді марал жан-жағына қауіптене қарайды. Жыртқыш әлгінде ғана таптап өткен шөптө мөлдір тамшылар дірілдеп тұр. Демек, ол жақын жерде. Марал алға қарай шауып ала жөнелгендеге, төлі оның артынан әрең ілесіп жүреді. Сөйтіп қауіптен құтылады.

Ерекек маралдар альпі шалғындарына көтеріледі. Үлкен көрі марал жалаңаш беткейде қаздып тұр. Салқын кеш түсті, бірақ ол өлі орнынан тапжылған жоқ. Маралдың бұл бейнесі оның сырқат екенін аңғартады.

Кеш батты. Ағаштар мен бұталардың етегін кешкі қараңғылық басқан. Айналадан түн кептерінің таусылмас шырылы естіліп тұр. Ол қанаттарын сабалап, шаттануда.

Марал есін жинап алып, басын жоғары көтерді де ауаны иіске-лей тәменге беттеді.

Қараңғы түсті. Марал сай ішімен баяу желіп келеді. Ай туды. Ай жарығы төгіліп тұрған жазық жерде марал желісін жылдамда-та түсті, ал шыршалардың көлеңкесінде аяңдайды. Таудан салқын да таза ауа соқты. Әлдекәндай сиқырлы күш маралды желге қарсы жүруге мәжбүр өткендей.

Шыршалы орманның тәменгі етегіне жеткен марал тоқтап тұрды да енді сақтана басып қозғалды. Жапалақтың жағымсыз үні төңіректі жиі-жиі жаңғырықтырып қояды, жарқанат дыбыссыз үшып өтті, тұнгі самалмен жабайы алма бұтақтары жайымен шулап тұр. Ешкім де дабыл қаққан жоқ. Марал дыбыссыз қозғалды. Iрі жануар ауда қалқып бара жатқандай.

Үлкен шыршаның жанына келгенде марал тізерлеп алып, жер-ді жалай бастады; бұл жерде сортаң бар екен. Айналасындағы шөпті таудан түскен өзге маралдардың, еліктердің, тіпті таутеке-лерінің тұяғы таптап тастаған.

Маралдар қысқы күні таудың қар болмайтын оңтүстік беткейлерінде жайылады. Тастандардың арасындағы кураған шөптер, әсіреле бетеге тау еркелерін өзіне еріксіз тартады.

Олар топ-тобымен тау беткейлерін кезіп жүреді, ал олардың ұзын көлеңкелері, қысқы күнгі қауқарсыз күн сәулесінде сонау аңғарлардың етегіне дейін созылып жатады.

ҚАРДАҒЫ ІЗДЕР

Қыста жаңа жауған қар бетінде ағаштар мен бұталар арасында көптеген іздер жақсы көрініп жатады.

Міне, кішкентай «қос нүкте» таудың беткейінде айқын көрініп жатыр. Мұны титімдей жыртқыш — аққұлақ қалдырған. Ол қар астына тынбай сұңғып тышқан аулаған. Төңіректе оның іздері толып жатыр. Аққұлаққа не көп керек? Оған бір немесе екі тышқан түнгі жеміне жетеді. Біз осылай десек те, аққұлақ тышқан тышқандарды керегінше мол аулас қор жинаиды.

Келесі «сұңғігеннен» соң ол жер бетіне бірнеше метр барып шығыпты, оның ізімен қатар сүйретілген із қалыпты. Демек, аққұлақ аузына тістеген тышқаның сүйреткен. Ол олжасы салмағынан қарға бата әрең сүйретіліп сай етегіне түсті де, жылқы тұяғынан кішкене батпақты жерде қалған терең ізге жасап алған қоймасына жетті. Мұндағы бұрыннан жатқан екі сұр тышқан өлексесіне жаңа олжасын қосты.

Енді жайбарақат тынығып алуға да болар? Бірақ, ол қайда! Әлдеқандай күш аққұлақты одан әрі ұмтылдырған. Тышқан аулау жалғаса түскен.

Аққұлақтың ізінен ірілеу және дөңгелек келген іздер тышқан аулағыш жыртқыштардың бірі — түлкінің іздері екенін айқындаپ ақ жатыр. Тек қысқы күні ғана қорықта бүл жыртқыштың қаншалықты көп екендігін аңғаруға болады. Ерте көктемнен түлкі жоғары көтеріліп, шыршалар мен көктеректердің арасынан ін жасап алады.

Түлкінің тышқан аулағаны өте қызық. Бүл кездे ол басқа еш нәрсені де байқамайды. Оның бар көнілі қыста қар астында, ал

жазда шөп арасында жүрген тышқандардың шиқылы мен сыйбырын тыңдауға ауады. Міне, тұлкі жәй желіп келеді. Қенет ол мелшие қалды, енді басайын деген артқы аяғы көтерілген күйінде қала берді. Тұлкі тасқа айналғандай тапжылмай тұр. Мойнын иіп, қара құлағын қайшылай түріп, алдыңғы аяқтарының астына қарап қалған. Тышқан тағы да сыйбыр ете түсіп еді, сол сәтте тұлкі серпіле атылып, тышқанды алдыңғы екі аяғымен баса қойды. Енді бір сәтте ол тышқанды қышырлата шайнап жатты. Содан соң ғана барып, жан-жағына кез салған тұлкі таяу жердегі тас үстінде отырған сізді көріп қалады да қалың қопаның арасына зып береді.

Тау орманындағы қысқы қар ірі жыртқыштар туралы да айтып береді. Бұл — қасқырлар.

Баршамызға белгілі, біздің елімізде қасқырлар заңдан тыс, оларды қандай әдіспен болсын жыл бойы құртуға рұқсат берілген. Алматы қорығында қазір қасқырлардың «тұрақты пропискасы» бар. Олардың алғашқы жұбы 1972 жылдың күзінде пайда болды. Содан бері қорық зоологтары қасқырлардың қоректенуін және айналадағы жануарлардың тіршілігіне тигізетін өсерін талмай зерттеп келеді.

Зоолог В. А. Жиряковтың дерегі бойынша 4 жыл ішінде (1972—1976) өлген 192 жабайы аңыңың 21-ін қасқыр жарған. Қасқырлар түнде қорықтан шығып, қашарлар мен фермаларға барады. Олар мал шаруашылығына едәүір зиян келтіреді.

Сондықтан да қорықтар мен аң шаруашылығы Басқармасының ғылыми советінде, сондай-ақ Қазақстан Ғылым академиясы ғалымдарының көшпелі конференциясында Қазақстанның мемлекеттік қорықтардағы, табиғи комплекстеріндегі табиғи ара қатынасты сақтау үшін басқа жануарлардың емін-еркін өсуіне қамқорлық жасау мақсатымен қасқырларды құртуға рұқсат берілді.

ҚАНАТТЫ ЖЫРТҚЫШТАР

Күн сәулесі тарай бастағанмен де қорық тауында әлі түнгі салынын кете қойған жоқ. Бірақ, қарлығаш өүеде ән салып, қалқып жүр. Олардың кейбірі бұтақтарға қонып отыр, келте құйрықтары жақсы көрінеді. Демек, бұлар ұясынан таяуда ғана ұшып шыққан

балапандар. Кенет, аспанда шуыл пайда болды да жоғарыдан төмен қарай сұнқардай құс шүйілді. Қас қағым сәтте қауырсын бүрк етеп қалды да тырнағына қарлығашты бүріп алған құс ұшып бара жатты.

Ол қураған ағаштың ұшар басына қонды. Бұл — сұнқардың бір түрі жағалтай еді. Жыртқыш олжасын жұлдып жей бастады. Төмен қарай қауырсын ұшып жатыр. Жыртқыш енді бір сәтте қарлығаштың басын жұлдып алып, жұтып жіберді де оның денесін жерге тастады. Содан соң жағалтай бірнеше минут тесін күнгө төсей кекірене отырды да ұшып кетті.

Қарлығаштар бұрынғысынша шырылдаған күйі әуеде қалықтап жүр. Тағы да олардың жан-дәрмен шырылы ұлғая түсті де тырнағына қарлығаш ілген жағалтай әлгі орнына қайта қонды. Бұл жолы ол бірнеше ғана қауырсын жұлды да олжасын тастап жіберді. Өлі дene төменге құлдырап түсті. Жан-жағына тояттана қарап сәл отырған қыран тағы да қанатын сермей жөнелді.

Арада бір минут өтпей-ақ ол ұясынан таяуда ғана ұшып шыққан қарлығашты бурді де тастап жіберді. Бұл жолы қарақшы құс оған тұмсығын да тигізген жоқ. Иә, ол тоқ болатын. Осылайша, ұш қарлығаш еріккен қыранның қаһарына ұшырады.

Жағалтай өте жылдам ұшады, тіпті қарлығаш пен сүр қарлығашты еркін қуып жетеді. Оның негізгі жемі — құстар, оларды әдette әуеде бүреді. Егер құс шөп не бұтақ арасына қонып үлгерсе, онда жағалтай оған тимейді. Ол кеште ірі жәндіктерді, ал ымыртта тіпті жарқанатты да аулайды.

Қырғи жағалтайдан да зиянды. Бұл құстар арасындағы нағыз қарақшы, арам пиғылды «тасада тұрып тап беретін» құс.

Бұл екі жыртқыш та ағаш басына ұялайды. Олар өте сақ. Егер бұлардың балапаны бар ұясын тауып, жақын отырсаңыз, қызық көріністің күесі боласыз. Ересек құстар адамнан коркып ұясына жақындей алмайды. Қарны ашқан балапандар қатты шырылдай бастайды. Сонда олар өте биікке көтеріледі де құлдилап келіп, соншалықты дәлдікпен ұяға жемін тастайды. Ақсатының да осындай әдісін байқадық. Сол сияқты басқа да жыртқыш құстар ұясы ашиқ жерде болса дәл осылай жасайды.

Бақылау нәтижесіне қарағанда күніне орта есеппен пішіні торғайдай төрт, ал жылына 1500 ұсақ құс аулайды екен. Ал, бұл ұсақ құстар өсімдіктерге зиян келтіретін жәндіктерді жейді. Сондықтан да қорық жағдайында бұл жыртқыш құстардың зиянды ролін білу аса маңызды.

КЕШТЕ

Жазғы кеш түсісімен-ақ аңғарлардағы ағаштар мен тал-шілік арасында жарқанаттар сүйлдай ұшып жүреді. Олар түрлі насе-комдарды дамылсыз жояды. Міне, біздің төбемізден өлдеқандай үлкен қоңыз үлдеп ұшып өтті. Оның ұстіне қөлеңке төне кетті де, шырт өтті. Қас қағым сәтте қоңыздың қанаты мен аяқтары тәменге құлдилап бара жатты. Жарқанат өзінің өткір тістерімен қоңызды шайнап, жұтып жіберді.

Жаздың қысқа түнінде жарқанаттар өте көп насеком жейді, бұл оның салмағының ұштен бірін құрайды. Олар қыс бойы ұйықтайды. Алматы қорығының тауларындағы үңгірлер төбесінде, қабырғасында бастарын тәмен қарай салбыратып көптеген жарқанаттар қыстайды. Олардың кейбір түрлері жыл құстары сияқты онтүстікке қоныс аударады. Далалы жерлерде жаз бойы көрінетін олар күзде бұл арада топ-тобымен ұшып жүреді. Олар күндіз тобымен шәмелелер, мая, көде арасына жасырынып, түнде әрі қарай ұшып кетеді. Бұл араға келесі жылға дейін қайтып келмейді.

Кешкі қараңғыда түн құсы — түн кептері де насеком аулайды. Оның аузызы үлкен, расында екі езуі құлағына жетеді. Жапалақ жемін жер бетінен не бұтақтардан ауласа, түн кептері жемін жарқанат сияқты өуеде ұшып жүріп аулайды. Оның жемі — түнгі насекомдар. Ол өуеде өте жеңіл әрі дыбыссыз ұшады. Ол аузын кең ашып жүріп насекомдарды екі езудегі қауырсын мұртымен аузына қағып жұта береді. Халық бұл жазықсыз құсты ешкімер деп атап, қауесет таратқан. Бірак, ол ешқашан да ешкі емген емес! Түн кептері балапандарын таңқаларлықтай азықтандырады. Ол ұшып жүріп үлкен аузына түскен барлық насекомдарды жұта

береді. Сейтіп, ұғысина келгенде жемсауындағы шала қорытылған жемді балапандарына құсып береді.

Түн кептері — өте пайдалы құс. Ол зиянды насекомдарды өте көп құртады. Оның қорғаныш реңі ретіндегі ағаш қабығына ұқсас қауырсын түсі де тамаша. Ол өзге құстар сияқты ағаш бұтағына кесе-көлденең қонып отырмайды, әрдайым бұтақтың ұзына бойы қарай отырып ешбір қозғалмайды. Тіпті күндіз оның қонған орнын дәл біле тұрып, іздеп табу қын.

Бұл құс арнайы үя жасамайды, жұмыртқасын жердегі кішкене шұңқырға салады. Оның топырақ түсіне ұқсас қауырсыны, түсі мен қимылсыздығы оны жақсы қорғайды, сізге жерде бір түйір ағаш қабығы жатқандай әсер қалдырады. Бірте-бірте үя төкіре-гінде ересек құс оңай тапсын деген белгідей балапандардың саң-тырығы жатады.

Орманның барлық жерінде бұл кішкене жапалақтың қайғылы шиқылы естіледі. Олар өз «әндерін» қас қарай бастайды, адамнан мүлде қорықпайды. Үн шыққан ағаш жанына келсөніз жапалақ сізден бірнеше метр ғана жердегі бұтақта еркін отырады да басын жұз сексен градусқа бұрып ағаш астында тұрған кім екендігін бағдарлайды.

Көптеген түн көбелектері қорық сақшысының үйі терезесінен көрінген жарықта ұшып келіп, әйнектің сырт жағына соғылып, құлап түсіп, қайта өрмелеп жатады. Бұл адам жарықты сөндіріп, үйқыға жатқанша байқалады.

Жарық жанған сәтте таяу жерден естіліп тұрған жапалақ үні неге тына қалды? Ал, аулақта бұл үн өлі естіліп тұр. Сонда олар жарықтан қорықты ма? Жоқ, керісінше! Егер құстар қуана алатын болса, олардың қатты «қуанғаны». Енді сіз үйден шығып терезеден сыртқа түсken жарықта келсөніз, бәрі де түсінікті болады. Титімдей жапалақтың жарыққа келіп, адам аяғының астында сескен-бей жүргенін көресіз. Олар әйнекке соғыла-соғыла әл-дәрменсіз жерде жыбырлап жатқан түн көбелектерін теріп жеуде.

Жапалақ жаңа жағдайға өте тез бейімделіп алған. Алматы бақтары мен парктерінде олар түн насекомдарын аулайды.

Қыста да терең аңғар-сайлар жаздағыдай қым-қуыт тіршілікке толы. Мұнда көптеген ұсақ құстар қыстайды. Сібірден осында сібір пайыз торғайы, биши торғай, сыйбызы торғай ұшып келеді, тіпті сібір сұр қарғасы да қорықта қыстайды.

Жапырақтар қурап түсе бастасымен-ақ Сібірден ұзын құйрықты сүйік торғай қыстай ұшін жетеді. Қыс таңының елең-алаңында-ақ олар түнеп шыққан бұталар арасынан жарыса салған ән естіледі. Ұзамай-ақ олардың қанат сусылы да құлаққа шалынады. Сүйік торғайлар бірінен соң бірі жем іздеуге аттанып, тау беткейлеріндегі жусан өскен жерлерге бытырай қонады. Сонда аппақ қар бетінде алқызыл шоқтар пайда бола кетеді. Құміс-қызығылт түсті сүйік торғайдың еркегінен сұлу құс кездестіре қою қын. Ол ақ мамың аралас ұзын қара құйрығын нәзік ыргақпен қимылдатаады. Бұл әсем құстың нәзік үні қөктемгі бұлақ сылдырын еске салғандай. Ол бізде қыстайтын тамаша сайрағыш құстардың бірі.

Сүйік түсісімен-ақ тау шындарынан қорықтың аңғарындағы жалпақ жапырақты ормандарға сары шымшықтар, қызыл бауырлы, қызыл құйрық торғай, қызылқанат ұшып келеді. Айналадан тыр-қылдақ шымшықтар жарыса салған әні естіледі. Қата қоймаған бұлақ басынан балшықшы-такуа құсты жиі кездестіруге болады. Бұл құс бізде жыл бойы тіршілік етеді десек те бұлардың біразы қыста өзге жерлерге ұшып кетеді. Ол такуа деген атқа онаша, дербес жүріп тіршілік ететіні ұшін ие болған. Ол бұлақ не өзен жағасында әрдайым жалғыз кездеседі. Қыста бұл ұзын балшықшыны кездестіру де таңқаларлық жайт; біздің ұғымымызда балшықшылар тек жазда кездеседі.

Қыстың ерте таңында қар жапқан беткейдегі жалғыз аяқ жолмен жүріп келе жатсаныз тіршілік нышаны жоқ сияқты сезінесіз. Бастапқыда ешбір дыбыс шықпайды. Бірақ, кенеттен биік тау тұрғыны — жасымық торғайы үн шығара бастайды. Ол тал-шілікті нуда қыстайды. Жасымық торғайы долананың мұз болып қатып қалған жемісіне тойып алып, бұтақта доп-домалақ болып, үрпийп

отыр. Сірө, ол сыйтынан сүйкітан, ішінен мұздай жемістен тоңып, ұшу түгіл қозғалғысы да келмей отырған болса керек. Қорық сақшысы өз тұсынан ете бергенде құс қатты дауыстай бастады, қорық сақшысы көзден таса болғанда ғана оның үні сап болды. Құстың бұл мінезін қалай тусінуге болады? Егер ол адамды үнсіз шығарып салса, байқалмауы мүмкін ғой. Ол өз даусымен өзін көрсетеп қойды. Ол айналаны жаңғырықтырып аязды таңыңың тыныштығын бүзды.

Құстардың да нервісі бар, сондықтан да олар қорқады. Жанынан адам өтіп бара жатса, құс қорқа бастайды. Ол үлкен қорқынышты түрмен әп-дегендеге ұшып кетуге әзір отырады. Қорық сақшысы тоқтаған болса, немесе қолын сермелеп қалса болғаны құс жел қаққандай ұша жөнелер еді. Қөптеген құс түрі неден болса да қорқынышын жан-дәрмен дауыспен білдіреді.

Бірақ, қатты дауыстаудың жасымық торғайына пайдасы болмаса да, теңіздегі барлық кеме капитандарына түсінікті көмек сұрау сигналы «SOS» сияқты, бұл қорқынышты айқайды басқа құстар түсіне қояды.

Күннің көз қарықтырап сүйк сәулесі тау шыңынан бері асып түсті. Айналаның бәрі ақ көрпеге оранған. Жазғы серуенге шыққанда бұталар арасындағы көзі бітеліп қалған таныс бұлақты таба қою оңай емес. Тек, сыздақтай ағып жатқан су көзге шалынды. Оның айналасына мұз қатыпты. Мұнда таңертең тырқылдақ шымшықтар су ішуге келеді.

Оның қарға отыра қалып, мұздай сүйк суды құныға ішкенін бақылау қызық. Су оның ішін шағын «солтүстік полюсіне» айналдырып жіберді. Құс енді бір сәтте жабайы алманың жалаңаш бұтағына қондығ да мамық шар тәрізді үрпіп кетті. Енді бұлақ жиегіне бұлардың орнын қара жемсаулы тырқылдақтар, қара тырқылдықтар, шетен торғайлары келіп басты. Айналаларына сақтықпен қарал, су ішіп, бұлар да үрпіп отырды. Тырқылдақтар осылай біраз отырған соқ ұшып кетті. Әр күні таңертең бұл осылайша қайталаңып жатады.

Қорықтың тау етегінде қырғауылдар қыстайды. Таңертең олар жабайы алмалы шоқ орманда қоректенеді, ал күндіз тал-шіліктің

арасында жүреді. Қырғауылдар ашық жерлерден қашады. Олардың қораздары алғыстан-ақ көзге тез түседі және жыртқыштардың тырнағына ілігүі оңай. Адам не ит тал-шілік арасына кірсе, қырғауыл ну қопаға қарай жүгіре жөнеледі. Оларды ұшыру өте киын. Қырғауыл көбіне аяғымен құтылып кеткісі келеді, тіпті болмagan жағдайда ғана жан ұшыра дыбыс шығарып, тіке жоғары көтеріледі де қайтадан тез төмөндеп өлдеқандай нұға қойып кетеді.

Қырғауылдардың көпшілігі қыста таудан түсіп жазықта қыстайды. Октябрь айының аяғына таман таңертең қырғауылдар қоныс аудара бастайды. Олар таудан етекке қарай жүгіріп түседі де көбіне поселке жанындағы бақтарға жиналады.

АДАМ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕМЕС ТЕ...

Ұзақтағы аңғардан кекілік қоразының даусы естіледі. Қызыл аяқты тау құсы қауіп төнсө тауға қарай тез жүгіреді. Жоғары шығып алған соң кекілік аңғардың екінші бетіне ұшып өтеді. Сол сөтте арғы беттен тағы да қатты даусы естіледі.

Алматы қорығының тауларында кекіліктер өте көп. Қорықта оларды ешкім де атпайды, бірақ олар адамнан қатты қорқады.

Алматы қорығының қорық сақшысы үйі буырқанған Талғар өзенінің жағасында тұр. Оның қарсы алдында — жақпар тасты үлкен тау. Құн сайын таңертең және кешкес кекіліктің үні естіледі. Бұл жерде қоразы бастаған бір топ кекілік жүретін. Дүрбімен кекіліктерді оңай көруге болады. Ол жақпар тасқа шығып алғып, үн шығаратын. Біз оны «біздің» кекілік деп атап кеттік.

Бұл күні таңертең есік алдында қорық сақшысы мен жұмысшылар өздерінің шешілмеген мәселелерін әңгіме етіп тұр еді. Олардың әңгімесіне кекілік қоразының даусы қабаттаса есітіліп жатты.

— Кекілік, ке-кілік,— «біздің» кекілік таңертең рапорт беріп жатқандай. Бізде шығаратын даусысына қарай аталағын құстар аз. Бұлардың қатарына кекілікті де жатқызуға болады.

Кенеттен ашық тұрған терезеден өлдеқандай зат атылып кірді

де аяқ астына топ ете түсті. Қорық сақшысы еңкейді де кекілікті көтеріп алды! Құс қарсылық білдірген жоқ. Оның көзі жыптылықта, аузы ашылып, жүргегінің жиңі соққаны алақанда сезіліп тұрды.

— Бұл не керемет, қолға өзі келіп қонды!— деп таңқалды қорық сақшысы.

Ал, тау қоразы адам қолында қымылсыз жата берді. Қорық сақшысы кекілікті еденге жайымен қойса да қозғалған жоқ.

— Қараңыздар, бұл не?— деп таңқала дауыстаған жұмысшы төрзені көрсетті.

Жабайы алманың бұтағына қонып алған түйғын сары көзінен от шаша терезеге қарауда екен. Ол адамдарды көрді де аңғарға қарай ұша жөнелді.

Кекілікті қоя бердік. Ол ұшқан жоқ, өзенге қарай жүгіре жөнелді де көзден ғайып болды.

Қанатты жыртқыш алдындағы қорқыныш адамға деген қауіпті осылайша жеңді.

Бұл күні кешке кекілік дыбыс шығармады. Тек ертеңіне таңертең жақпар тастар арасынан азат құстың «ке-кілік, ке-кілік» деген үні қайта естілді.

Кекілік қаупі тек жыртқыштардан ғана емес. Қалың қар түскен қатал қыста кекіліктер бәрі дерлік қырылып қалады. Ал, бірнеше жылдан соң қызыл тұмсықты, екі бүйірі қара жолақты, сұр қауырсынды кекіліктерді қайта көруге болады. Бұл құстарды өлімнен ете есімталдығы және адамның қыста оларға жиңі-жіңі дән шашып жемдеп тұруы сақтап қалады.

Қолдан азықтандыру борсықтар үйқыға кеткен кезде ғана басталады, әйтпесе, ол борсықтардың жеміне айналады. Күндіз сауысқан мен өзге ұсақ құстар да кекіліктердің жеміне ортақ болады.



ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ ТАУ ОРМАНДАРЫ

АЛЫПТАР МЕН ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР

Қорық тауының бауырымен көтерілген сайын жалпақ жапырақты ормандардың орнына қылқан жапырақты орман өскенін көруге болады. Көктеректер мен Тянь-Шань аққайындарының арасынан Шренк шыршасы да жиі кездесе бастайды. Оны тек америка секвойясымен ғана салыстыруға болады. Ағаштың бүл түрі де ұзақ тіршілік етеді, әрі биік болады. Тянь-Шань шыршасының ғұмыры — жарты мың жыл, биіктігі 48 метр. Діңінің диаметрі екі метрге жетеді. Шыршалы орманда мұндай алыптар аз емес.

Цифр тілі тартымсыз. Бірақ қуарып кеткен алып шыршаға қарап отырып, бес ғасыр жасағанын еске алсаң қарт тарихпен тілге келгендей боласың. Содан бері небір соғыс болып етті, бір цивилизация күйреп, екіншісі пайда болды, дәүірлер алмасты. Осының бәрі бір ағаш түрінің тіршілігі кезінде болды. Бірақ, барлық тіршілікке дегендей Тянь-Шань шыршаларының да соңғы сағаты соғады. Аса үлкен кәрі ағаш өзі өскен орманында тіршілігі жоқ бұтақтарымен бәрінен де биік тұр. Оны тығыз қоршаған үрім-бұтақтары — жас шыршалар дүниеден өткен қарт тарланға қою көлеңкесін түсіріп, қорғағандай. Жеке ағаштар осылай қартаяды, ал таудың шыршалы орманы қорықта мәңгі жасара береді.

Шырша — Тянь-Шаньның құнды ағаштарының бірі. Ол өзінің бейімділік қасиетімен таңқалдырады. Ауаның құрғактығына, ыстық, сүйік, топырақтағы ылғалдың, құнарлылығының жетіспеушілігіне, жарықтың аздығына өте тезімді. Академик Б. А. Быковтың пікірі бойынша Тянь-Шань тауындағы өзге бірде-бір ағаш тұрі, тіпті біз-

дің Отанымызда өсетін бірде-бір шырша түріне бұндай қасиет тән емес.

Шренк шыршасы ағашынан салынған үйлерді Қазақстан тұрғындарының бірнеше үрпағы пайдаланып келеді. Шырша ағашының акустикалық қасиеті музикалық аспаптарды жасауда бағалы шикізат ретінде кең танылып отыр. Шыршалы орманның өзі аса үлкен бағаға ие. Бұл топырақты су шайып кетуден сақтайды, қар көшкіні мен селге төтеп береді, топырақта ылғалды реттейді және оны жақсы сақтайды, міне, сөйтіп тау өзендері тіршілігін қорғайды. Бұл таулы және тау етегіндегі егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысатын аудандар үшін аудадай қажет.

Шыршалы ормандар теңіз деңгейінен 1600—2800 метр биіктікте орналасқан. Шыршалы орманның орта және биік белдеудегі жерлерінде жалпақ жапырақты ағаштар мүлдем кездеспейді. Шырша орманы етегінде сирек те болса алатау талы, шетен, карелия үшқаты, қара жидекті қызыл тал өседі.

Жоғарылай түскен сайын (теңіз деңгейінен 2600—3000 метр биікте) тау алыптары түркстан аршасына орын босатады. Жемісі хош істі, тікен жапырақты аршаның биіктігі кейде бір, көбіне бір, метрден аспайды. Ол қар көшкінін тоқтатып, тосқауылдық міндеттін мінсіз атқарады. Сонымен бірге арша нұы жас шыршаларға қажет микроклиматты тамаша сақтайды.

Академик А. И. Федоровтың бейнелі сөзімен айтсақ, «арша орман анасы» қою реңді қылқан жапырақты ормандарды табиғи қалыптастыруда ғана емес, қорықтан тыс участкерлерді де сақтауда зор роль атқарады. Ирек-ирек аршалар жас шыршаларды мал сындырып кетуден де жақсы қорғайды.

Уш мың метр биіктіктері жап-жасыл аршалар арасында тал мен үйенкі әрен-әрен, тіршілік етеді, бұнда Тянь-Шань шыршасы да не-кен-саяқ кездесіп қалады. Бірақ, ол қалай өзгерген десеңізші! Оның асқаңтаған көркі, қуаты қайда? Тек, ғалымдар ғана жермен-жексен болған бұл бұталардың сымбатты шырша тұқымы екенін біледі. Боран, аяз, қар оған бойлап өсуге мүмкіндік бермейді. Ол 170 жылда бар-жоғы бір метр биіктікке жетеді, діңінің жуандығы 3—4 сантиметрден аспайды. Ал осы мерзім ішінде қалыпты табиғи

жағдайда шыршаның биіктігі 35 метрге жетіп, жуандығы 45—50 сантиметр болады.

Қорықтағы тау ормандары өзінің өсімдіктерімен, жан-жануарларымен бейнебір табиғат лабораториясы. Бұл жерде шыршалар тіршілігі, шыршалы орманның қалыпқа келуі, оған жануарлардың тигізетін әсері бақылауға алынған. Бақылау мен зерттеуді тек қорық қызыметкерлері ғана емес, еліміздің ірі ғалымдары да жүргізеді. Қылқан жапырақты шыршалы ормандағы жануарлар тіршілігі орманмен тығыз байланысты, оған өзінің әсерін тигізіп отырады.

ТАУ «ҚОЖАСЫ»

Июль айының ерте таңында күн сәулесі тау шындары мен альпі шабындығын аймалап тұр. Ботакөз, үш түсті қоғажай, көкнәр гүлдері құлпырады. Кенеттен суырлардың аңы айғайы шықты. Олар қара тасқа ырғып шығып қаздып тұра қалды. Ну арша арасынан аю шықты. Ол ештеңе аңғармағандай суырлардың жанымен жоғары қарай өрледі.

Ұрылға басқан жуан жыртқыш тас астындағы суыр інін қаза бастады. Бір суыр әлгінде жан-дәрменмен осында кірген.

Аю алдыңғы екі аяғымен жерді бұрқыратса қазып, інді ііскелеп қояды. Ін онша терең емес болатын. Тұмсығы тасқа тиген суырдың одан әрі терендете түсуге шамасы келмеген. Міне, осы түбіне жетті.

Суырды өлтіріп болған соң аю басын тәмен салып, айналаны ііскей бастады. Міне, ол тағы да жерді бұрқыратып қаза бастады, тағы бір суыр оның құрбаны болды.

Тянь-Шань аюлары әдетте қорықтың шыршалы ормандарында тіршілік етеді. Бірақ, олар жем ізделп тау беткейлерін түгел аралап шығады; апрель айында қары кеткен тау етегіне түсіп, жас шәптерді, түрлі алғашқы гүлдерді қорек етеді; май-июньде жоғарырақтағы аюбалдырған, ноғатық, тау тары, рауғаш қопаларында жүреді; ал июль-ноябрьде оның іздері жеміс-жидек, алма, әрік ағаштарының төңірегінде сайрап жатады. Бұл жемістер аюдың «дастархан

мәзіріне» кіреді. Ол күзде тұла бойына май жинап, сонымен қыс-
ты құні жан сақтайды.

Қорықтағы аюлар ешкімнен де қорықпайды, өздерін қожа са-
найды. Олар қатаң қорғалады. Жыртқыштардың шабуыл жасауға
батылы бармайды. СССР Қызыл кітабы мен Қазақ ССР Қызыл кіта-
бына енген Тянь-Шань аюларының саны өте аз. Алматы қорығында
20-ға жуық Тянь-Шань аюы бар. Бұл қоңыр аюдың түр тармағы,
бірақ оған қарағанда кішілеу әрі ашық түсті. Оның түсін бұрын ақ
тырнақ деп атап келді, бірақ, қазір бұл түстің тұрақты емес екенді-
гі айқындалып отыр. Ашық түсті аюлардың тырнағы ашық та, қо-
ңыр түсті аюдың тырнағы қоңыр болып келеді. Ол өзінің өзге
белгілері бойынша қоңыр аюға ұқсас.

Тау беткейлерін қар басысымен (ноябрь айларында-ақ) аюлар
құлаған ағаштар, құз-жартастар арасындағы аpanына жатады.

Айналаның бәрі тып-тыныш, қысқы үйқыға берілген, қылқанды
орман «қожасы» аю да үйқытап жатыр. Тыныс алған қос танауынан
шыққан демімен қар көбесі сөгіледі.

Аю — қыс ортасындағы аязды кезде орманды қалып қар басып
жатқанда екі күшік табатын әлемдегі ірі жыртқыш. Қаншығы қүші-
гін емшек сүтімен қоректендіреді, ал өзі қектемге дейін ештеңе де
ішіп-жемейді. Бұндай тіршілік басқа жануарлар арасында кез-
деспейді.

Міне, таңқаларлық жай! Адам баласы дүниеге келгенде 3—4
килограмм тартса, салмағы бірнеше пүт алып аюдың баласы 600
граммнан аспайды! Бұл егеуқүйрықтың салмағындей-ақ.

Егер, аю балалары дүниеге үлкен болып келіп, тез өссе онда
оларға енесінің сүті жетпей, қырылып қалар еді. Қектемге дейін
олар күніне 2,5 грамнан ғана салмақ қосып отырады. Олар да ана-
сы сияқты шала үйқыда болады. Сут өте аз жұмсалады. Тек март
айында ғана аю аpanынан шығып, қоректене бастасымен-ақ сүт тө
кебейеді, балалары да өте тез өссе бастайды.

Бір ғана аналық аюдың балаларын асырауы қыынға түсетіндіктен
оған өткен жылғы баласы көмекке келеді.

Қектем шығысымен аю балаларымен бірге аpanынан шығады.
Ол бүкіл жаз бойы балаларын тәрбиелейді, қоректендіреді, қор-

ғайды, оларды жем табуға үйретеді. Құзде олармен бірге апанға кіріп жатады. Келер жылғы майда ғана балалары есейеді. Сонда ғана анасы баляларының бірін жанына алып қалады, өзгелері жеке тіршілік етіп кетеді. Жанында қалған бір жастағы күшік — пестун келесі ұрпақты тәрбиелеуге көмектеседі. Осылайша, аюлар қысқы күні ұйықтап, көктем мен күзге дейін орман аралап тіршілік етеді.

ІЗ КЕСУ

Шыршалар арасында қазір Қазақстанда өте сирек кездесетін Орта Азия сілеусіні тіршілік етеді. Ол Қазақ ССР-інің Қызыл кітabyна тіркелген. Қорықта сілеусін мұқият қорғалады. Дегенмен, оны кездестіру оңай емес. Қыста оның тіршілік әрекетін ізімен жүріп отырып қана бақылауға болады.

Шыршалар арасымен әлденелер сүрлеу салған. Онымен жүру оңай. Оңдан да, солдан да орманды мекендеушілердің ізі сайрап жатыр. Оның арасында моншақтай тізілген тышқан ізі, құрдың крест тәрізді ізі, ақкістің, аққұлақтың ізі байқалады. Міне, сілеусіннің ізі. Ол жайымен баса сүрлеуге келді де одан секіріп етіп (қандай сақтық) шыршалар арасымен жүріп келеді. Оның жеке дара ізі ұзаққа созылып жатыр. Әзірше, біздер үшін де, сілеусін үшін де қызық ештеңе жоқ.

Сілеусін шыршалар арасымен шақырымға жуық жүрді. Әлден соң итмұрынның ну қопасына қарай кілт бұрылып, оның арасына кіріп кетті. Әрине, сілеусіннің мұнда текten-текке келмегені белгілі, бірақ әлі де болса бұл біз үшін жұмбақ. Мүмкін, оның құлағы әлдеқандай дыбысты сезіп қалған болар?

Бұл не? Қалың нұға дәңгелек іздер емес, сүйретілген әлдене кірген сияқты. Құдды әлдеқім сілеусінді сүйрегендей. Бұл оның бауырымен сыйдырысyz жорғалағанын аңғартады. Жыртқыш осылайша ондаған метр жүрген. Оған әлдеқандай аңың исі, не сыйдыры әлдеқашан-ақ жемінің қайда екенін көрсеткен. Сілеусін салбыраған бұтақтарды асқан ептілікпен айналып етіп, бетке алған бағыты-

нан жаңылмай жүріп келеді. Оның мақсаты орындалар шақ та алыс емес.

Сүйретілген із кенеттен үзіліп, ғайып болды. Сілеусін қар астына сұңгіп кеткендей.

Тегіс қар бетінде әлде не ойып түскен із жатыр, тағы бір бес метрден соң осы із тағы қайталаңған... Одан әрі ештеңе көрінбейді. Енді бәрі де түсінікті болды. Сілеусін жеміне бес метр жерден ырғыған!

Бұтанаң тасасында көзге шұңқыр шалынады, демек, бұл жерде елік ұзақ жатқан. Қар басып жерде жатқан бұта жыртқыш сәлтип кетісімен көтеріліп кетті. Сілеусін атылған сәтте-ақ қауіпті бұрынырақ аңғарып қалған елік қалың бұтаға қойып кетті. Оның артынан бірнеше рет атылған сілеусін қууын тоқтатты. Елік тауға қарай зымырады. Ол әлдеқайда текіе асықты, қалайша олай болмасын, артынша терең із қалдыра қайта оралып, қармен ұзақ жоғарылаған сілеусін ізі де жатыр.

Сілеусіннің ізі бірсесе шыңға көтеріліп, енді бірде тәмен түскен, жыртқыш жатқан терең шұңқыр қарсы алдынан тағы кездесті. Сілеусін еліктің тапталған сүрлеуін торуылдан жатыр. Жанұшыра үріккен елік тауды айнала осында қайтып айналып келді. Сілеусін мұны күні бұрын аңғарған. Жыртқыш бір рет ырғып, елікті алып ұрды да оның буы бүркүраған етін жұлдып жей бастады. Қан шашырады.

Сілеусіннің қанша жегенін айту қыын. Әбден тойған ол қалған олжасын қар астына жасырды. Міне, енді ол жайлап басып шыршалардың арасына еніп кетіпті. Оның артынан жүру пайдасыз. Ол құлаған ағашқа шығады да, мысықтай пырылдан ұйықтайды. Қарны ашса, өзінің тығып кеткен қорына қайта оралады.

Оңтүстік беткейде қарсыз жатқан тасты қорымды жерлерде кез-десетін сілеусіндердің тіршілік әрекетін, жүріс-тұрысын бақылау өте қыын.

Іздер қар басқан жыраны кесіп өтті. Сілеусін бір-бірінен қашықтығы алақан ұзындығындағы іздерін қалдыра, асықпай басып келеді. Жыраның аяғындағы ізден оның тоқтап, бір орында тұрғаны, одан соң кілт жоғары бұрылғаны байқалады. Ондаған метр жоғары ер-

мелеген сілеусін жыраны басып жүре берді. Бірақ, іздерінің ортасынан жерге кеудеғін тигізе бауырлап жорғалағаны аңғарылады.

Жыртқыш тағы да кілт бұрылып, төменге тартқан. Іздерінің ортасындағы сыйзық бұл жолы тіпті айқын көрінеді.

Беткейдегі қар арасынан көрініп жатқан онша жалпақ емес қорымтас жыртқыш жолын бөгеді. Таудағы көз қарықтырап күн сөулесі мен жел қорымтас бетіндегі қарды ұшырып жіберген. Сілеусін ізі қарсыз жерде көріnbей кетті де одан әрі қайта пайда болды. Бірақ, жыртқыш ештеңе болмағандай жолдан ауытқып, еркін жүріп кетті. Неге сілеусін мұнда көтеріліп, беткейді көлденең кесті, одан соң төмен қарай «П» әрпіндей із салды? Жыртқыштың бұл құпия ісін анықтау үшін біз ол жоғары кілт бұрылып, бір орнында тұрган жерге қайта келуіміз керек.

Сілеусін қарсы алдынан соққан жел арқылы әлдененің иісін сезді, не дыбысын естіді, сондықтан да жоғары өрлемеді. Дәл солай, оның алдында ондаған метр жердегі зерек тасасында үш елік жатқан із қалыпты және қарда қалған шұңқырлардың көлемі де әр түрлі. Мұнда елік екі лағымен дамылдаған. Жануарлар тосын қауіптен оқтай атып тұрыпты. Олардың өздеріне төнген өлімді қалай тез аңғарғанын түсіну қыын емес. Бірақ, қалай? Бұл түсініксіз еді.

Сілеусін тұра соларға қарай ойпақ жермен күшті желге қарсы жүргенде жыртқыштың жақындағанын өте сергек болса да жануарлар аңғармай қалған. Бірақ жоғарыдан келе жатқан жыртқыштан еліктерді әлдене сақтандырыды. Сауысқан ба, әлде самырсын құс па еken? Бірақ олар ормансыз беткейді мұлде мекендейтіні бізге белгілі. Енді не еken? Тек, сілеусін іздері ғана елікті құтқарушыны табуға көмектеседі.

Еліктер жатқан қарлы беткейдің жоғарғы жағында ұзын сыйзық көрінеді. Ол жоғарыдан төмен қарай тұяқтылар жатқан жерге дейін тартылып, қар бетіндегі кішігірім майда тастарға тірелген. Міне, оларды сақтандырған осы майда тастар. Ол сілеусін табанынан сырғып кетіп, төмен қарай құлдилады. Сергек жануарларға осы да жеткілікті болған.

Енді бәрі де түсінікті. Осы сәтсіздікті алыстан дүрбі арқылы бақылағанда аңның өз ізі анықтал берді. Сілеусін оларға жоғарыдан

атылғысы келді. Бұл оның туда біткен әдеті. Алайда, бұл жолы оның жолы болмады.

Аса қауіпті де алғыр жыртқыш — сілеусіннің тырнағына тек еліктер ғана емес, марал бұзаулары, таутеке лақтары, қырғауылдар, құс балапандары мен жұмыртқалары да түседі. Ол аюлар сияқты альпі шалғындарына көтеріліп, сұырларды да аулайды. Егер қыста қар қалың түссе тау етегіндегі тоғайларға түсіп құм қояндары мен құстарды да қорек етеді.

Сілеусіндердің қар арасында ұйықтап жатқан құрларға да бас салған кездері болған. Қар бетінде тек құс қауырсыны мен жыртқыш іздері ғана қалады.

ҚҰЙРЫҚТЫҢ ҚАРА ҰШЫ

Алматы қорығының алып шыршаларын қысқы мұз үйқысы басқан. Айнала тып-тыныш. Ағаштардағы ақ ұлла қар жеңіл түседі. Бұтақтар қармен майысып тұр. Олардан қар дыбыссыз түседі. Бұтақ бір сәтке дір ете қалады да, бойын түзеп алады. Қектеректі тоғайдың шетіндегі ашық аланда ақкістің жап-жаңа ізі сайрап жатыр. Сонымен қектеректі тоғайдан шыршаларға дейін ақкіс орман алаңын кесіп өтті.

Міне, жыртқыш тоқтап, артқы екі аяғымен шоңқия қалды да құйрығын қарға төседі. Мұны ақкіс өлдене дыбысты естіді деп үғу керек.

Ол тез қарғып-қарғып келді де, құлап жатқан шырша томарының астына кіріп кетті. Әрине, ақкіс ол жерден тышқандардың шиқылын естіді. Қазір ол оларға көрсетер! Бұған әбден сенуге болады. Міне, ол құлап жатқан шыршаның екінші басынан шыға келді. Оның ізінен мінезіндегі өзгерісті аңғарасыз, ол енді өшкайда да асықпайды, әбден тойған. Ол табан астында тазаланып алды да алға жүрді. Бірақ оның ізінің жанынан бұрын көрінбеген сзызық пайда болған, тоқ ақкіс аузына тіс тиген олжасын сүйреткен, бұл тышқанның сүйретілген құйрығынан қалған із.

Із тағы бір құлаған ағаш астына кіріп кетеді. Біз қанша жүрсек

те оның қайта шыққан ізін көре алмаймыз. Демек, титімдей жыртқыш қыстың қысқа күнін өткізіп, ұйықтап жатыр.

Қанішер ақкіс тек тышқандарды ғана қорек етпейді. Ол майда құстардың ұсынын бұзады, оның өткір тырнағына құрлар да жиі ілігеді. Ақкістің қауіпті жауы — тұлкі мен иттер. Бірақ олардан құлығын асырып кетеді. Қыста олар қар түсті «шекпенін» киеді, ал құйрығының ұшы қара қүйінде қалады. Оның себебі не десеңіз, тұлкі ақкісті құған кезде қара құйрығы оны қорғап қалады: ақкіс қашып келе жатып құйрығын сол жақ бүйіріне қарай бұлақ еткізеді, ақкістің өзі оң жағына жалт бұрылды, ал қуғыншы оның бұлғаңдаған қара құйрығынан ұстаяға тырысады. Ақкіс осылайша құтылышып кетеді. Ол сөйтіп тұлкіні де алдай алады.

АҚ ТӨСТІ СУСАР

Шыршалар арасынан аса бағалы мамық жұнді жыртқыш — тау сусарын (Орта Азия тас сусары) кездестіруге болады. Кейде ол шақылдақты қуып шыршалардан әрі де шығып кетеді, аршалы және қорым тасты жерлерде де көп болады.

Бұл жыртқыш көзіне түскен жеміне наизағай жылдамдығында атылады. Бірақ, оның жемі шақылдақтар да көз ілеспес жылдамдықпен қорым тастардың арасына зып беріп, өзін толық қауіпсіздіктемін деп санайды. Алайда, сусар оның ізінше тас арасына тұмсығын сұға қояды, сөлден соң-ақ тас арасында жасырынған жемінің өлім алдындағы шиқылдаған үні шығады.

Шақылдаққа қарағанда сусардың жұнді денесі үлкендеу көрінуі мүмкін, алайда денесінің көлемі өте алдамшы. Сусардың кішкентай басы тас арасындағы кез-келген саңылауға сыйып кетеді, одан әрі денесі де кіріп бара жатады. Ол — кемірушілердің қас жауы. Оған көптеген құстар, балапандар мен құс жұмыртқалары да жем болады.

Сусарды қорықтың өзге жыртқыштары сияқты тау етегінен бастап, алғын белдеуіне дейін кездестіресіз. Бірақ, ол отырықшы аң. Әрбір сусардың өзінің жеке жем ізделеп, қоректенетін аймағы бар.

Тек, олардың кейбірі ғана ұзақ жерге өріске шығады, бұларды өрістегі не көшпелі сусар деп атайды.

Қазір ақ тәсті сусар зақмен қорғалады, ол Қазақ ССР-інің Қызыл кітабына енген.

АҚ ТИІНДЕРМЕН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК!

Тянь-Шаньның шыршалы тау ормандарында ақ тиіндер ешқашан да болған емес. Оларға шексіз дала өткел бермейді. Ұлы Отан соғысының алдында оларды әкелу жөнінде шешім қабылданды. Бірақ, қандай түрін? Бір ғалымдар шыршалы тау ормандарынан алтайлық ақ тиіндерді әкелуді ұсынды. Олар үшін бізде дәл сондағыдай жағдай бар. Ал, кейбір ғалымдар қарсы болды. Ақырыныңттан әкелетін болған соң өте ірі әрі қымбат ақ тиіндерді қарағайлы жазық орманнан әкелген дұрыс деді олар. Бірақ, олар қарағай тұқымдарының орнына шырша жаңғақтарын жеуғе үйренеме, жазық орнына тауға көне ме? Егер тіршілік ете алмаса — алтайлығы оңтайлы. Тек, профессор В. Н. Скалон ғана ақ тиіннің қай түрін болса да әкелуге қарсы болды.

Ондаған жылдар өтті. Ақ тиіндер жаңа жағдайға көндігіп, барлық тауға тарап кетті. Олар Алматы қорығында да бар. Шырша бүрі көп болған жылы олар көп өсіп және қыстың басында шырша бүріндегі тұқымдарды тауысып біtedі де, бүкіл қыс бойына шырша бұтақтары ұшындағы бүршікті жейді. Қорық зоологы В. А. Жиряковтың дерегіне қарағанда, ақ тиіндер шыршалардың өсуіне, қалпына келуіне зиян тигізеді. Ақ тиіндер мұнда жерсіндірілмей тұрып-ақ біздің шыршаларымыздың табиғи өсуі қыындағы түскен еді. Олар бұл процесті өршітіп жіберді. Сондықтан да Сібірден ақ тиін аулаушыларды иттерімен шақыруға тұра келді. Бірақ, олар байқап көрді де, тиін аулаудан бас тартты. Себебі, тиін атуға тік тау беткейінің жер жағдайы өте қыын келіп әрі шырша бұтақтары өте қалың болды. Ит қанша үрсе де ақ тиін көріне қоймайды, оларға оқ тиген жағдайда да бұтақтарға ілініп жерге түспей қалады.

Ақ тиіндер қорық ғалымдарын әуре-сарсаңға салып бітті. Өнімі есептелетін үлгі ағаштардың жаңағасын ғлар қоймайды. Тіпті, әр жаңағаты дәкемен орап қою да көмек өтпелі.

Професор В. Н. Скалонның пікірі дұрысқа шықты: «Тянь-Шань тауының шыршаларына ақ тиінді әкелу пайда бермейді. Шыршаның көлемі көп емес, және ойдым-ойдым орналасқан, әрі жер жағдайы — тік біткен тау беткейлері тиін аулауға қолайлы емес. Сондай-ақ Тянь-Шань шыршасының бүрі тиін көзіне оңай түседі, ақ тиіндер мұны аяусыз жейді және реликт қатарында тұрған бұл ағаштардың тұқымының өзі де онша көп емес екендігі аян. Қундердің күнінде біз оларды шыршалардың қас жауы ретінде танитын боламыз!» (Табиғат туралы әңгіме. М., «Орман өнеркәсібі», 1969).

Қазір ақ тиін «проблемасы» қорық ғалымдарының күн тәртібінде тұр.

ОРМАН «ҒАЖАЙЫПТАРЫ»

Қорықтың таулы ормандарында ұсақ жануарлар көп, олар күндейін түбін, ағаш кеүегін, құлаған ағаш тасасын баспаналайды. Олардың көзге түсे бермейтін қызықты да жарқын тіршілігі қаранғы түсісімен басталады. Қураған жапырақтардың сыйбыры, олардың алушан түрлі үндері бұл мекендеушілердің от маңында, палатка жанында жүргенін аңғартады. Тіпті, қысты күні де қар бетіне сирек шығады, тек моншақтай тізілген іздері қалады. Олар барлық тіршілік әрекетін қыста қалың қар астында өткізеді. Көптең ұсақ жәндіктер қысқы үйқыға жатады.

Егер жазды күні қалың бұталардың не шыршалардың арасын қазып, оған шелекті жер бетімен бірдей етіп салып қойсаңыз оған түнгі ұсақ жануарлар түсіп қалады. Олардың ішіндегі ең тамашасы — Тянь-Шань тышқаны.

Ол үлпілдеген шар тәрізді болып шелек түбінде қимылдамай жатады, оның тышқан екенін құйрығы ғана білдіреді.

Тышқаннан қорқудың қажеті жоқ, оны қолмен ұстасаңыз тістемейді. Ол өзін адам алақанына әбден үйреніп кеткендей сезінеді. Бұл — тышқандарға тән негізгі қасиеттердің бірі. Олар З мың

метр биіктікте де тіршілік ете алады. Тышқан өздеріне ете ұқсас қосаяқтардай тіршілік әрекетін түнде еткізеді. Бірақ қосаяқтар тауды мекенденмейді. Қысты күні тышқандар ұзақ қысқы үйқыға жатады.

Орманның жоғарғы шегіндегі ірі тасты қорым тастарын қызыл шақылдақ мекендейді. Ол ін қазбайды, тастар арасындағы қуысқа ұя жасайды. Осы жерде үлкен тастардың астына қысқы қоймасын орналастырады. Ол бұған күзге таман 7-8 килограмдай ірі сабақтың өсімдіктер мен бұталардың, жас шыршалардың бұтақтарын жінайды.

Қорықтың орманды белдеулерінде сүр аламан, соқыр тышқан, таудың ақшыл сүр тышқаны, орман тышқаны, Тянь-Шань және кіші жарқанаттың төрт түрі кең тараған.

Таудың тастай қараңғы түндерінде ерекше приборлардың көмегімен жануарлардың тіршілік әрекеті зерттеледі. Олар Алматы қорығында жасалған. Ұсақ жануарлардың індерінің аузында, ұялар жанында, сүрлеулер мен сұаттарда есептегіш құралдар бар. Олар арқылы ұсақ жануарлардың бір түнде індеріне неше рет кіріп шыққаны, тәуліктің қай сағаттарында су ішкені, сүрлеумен жүргені есептеледі, оларға ауа райының қандай әсер еткені бақыланады.

Олардың тіршілігін зерттеу не үшін қажет? Бұлардың тіршілігі қорықтағы өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілігі үшін аса үлкен маңызы бар екен. Олар — қоректену буынының бір бөлігі: бұларды ірі жыртқыштар, құстар қорек етеді, ал ұсақ жануарлардың өзі, өсіреле кемірушілер өсімдік тұқымымен қоректенеді. Мысалы, тышқандар қорықтағы қорғауға алынған тян-шань шыршасы тұқымының 10 процентіне жуығын құртып, орман қалыптасуына едөүір кедергі жасайды.

ҚҰС ЖҮМБАҚТАРЫ

Ұзақтың үлкендігінде қара ала құс шырша басына қонды. Басын қисайтып, бір көзімен төмен қарады. Бұл — самырсын құс. Ол кенеттен жерге ұшып түсті де қарды бұрқыратып қаза бастады.

Әлдене жеген соң торғай ұшып кетті. Қар бетінде шыршаның

дәні жоқ екі бүрі ғана қалды. Бұны мұнда күзді күні тыққан құс қыста жаңылмай тапты да, дәнін жеп кетті.

Ол қар астындағы қоймасын қалайша дәл тапты десеңізші? Күзден бері ол мұнда болған емес. Бірақ ол жерге күнде қонып жүргендей дөп қонды. Мүмкін осы самырсын құс бұл жерде бұрын болмаған да шығар: Мүмкін бұл қорды ақ тиін не басқа самырсын құс қалдырып кеткен болар және ол қазір осы құстай алыста бетен қойманы иемденіп жатқан шығар. Самырсын құс бір жерді ұзақ мекендейді. Олар сондықтан өздерінің күзде жинаған жем қорын түпкілікті қалдырып кетуі де сирек.

Олай болса бұл құс қар астында өзі, не өзге құс қалдырган жемді қалай дәл табады? Бұл сұраққа натуралистер өзірше нақты жауап берे алмайды.

Тағы бір жұмбақ — самырсын құс ұясын қайда салады? Қорықта самырсын құс өте көп, ал бірақ олардың ұясын ешкім де көрмеген.

Келесі бір жұмбақ — олар шыршалы орманға пайдалы ма, әлде зиянды ма? Ол шырша тұқымымен қоректенеді, өнім аз болған жылы шыршалар қалуы мүмкін. Бірақ шырша тұқымдарынан қор жинайтын олар орманның әр түрлі учаскелерінде шырша тұқымын таратып, сейтіп оның өсіп, орман қалпына түсіне көмектеседі.

Құстың осы жұмбақтарын ғалымдар шешуге әрекет жасауда.

ТӘРТІПКЕ ҚАРАМАСТАН

Февраль бораны соғып, сүйк қысып түр. Ормандағы әрбір сыйдыр аязды ауамен алысқа естіледі.

Шаңғыдағы қайыс, қар сиқырлайды, артта шақырымнан соң шақырым қалып жатады. Орманда шаңғы ізі сайрап жатыр.

Бұл қалай, қар бетінде ұсақ құстың жұмыртқасының бос жарты қабығы жатыр. Мұны әлгінде ғана әлдене шырша түбіне тастаған. Оның ішіндегі жұқа қабық қатып та үлгерменті. Қыс ішінде кішкене құстың жас жұмыртқасы? Мүмкін бе бұл?

Кішкентай қызығылт құстың шырылы кенеттен көңіл аудартты. Құстың бұл мінезі оның таяу маңда ұясы барлығын аңғартқандай.

Оның мазасыздануы түсінікті: өлгі жұмыртқа қабығы соның ұясынан тасталған. Ағаш діңіне жақын, бұтақ түбіне орналастырылған нағыз ұяда жасылдау түсті бұл құс мекиені үстінен буы бұрқыраған балапандарын жылтып отыр.

Бұл — қайши тұмсық шырша торғайы. Ұсақ құстардың ішінде тек сол ғана кейде қысты күні балапан шығарады. Құс алғашқы жұмыртқасын табысымен-ақ ұясынан тапжылмайды, себебі жұмыртқа қатып қалуы мүмкін. Одан соң жалаңаш балапандарын тастап кете алмайды. Бұл кезде оларды көңілді ән сала жүріп еркегі асырайды. Қақаған қыста анасының жылы мамығынан басын қылтитып шығарып отырған жалаңаш балапанды көрудің өзі қызық. Оның аузынан бу бұрқырайды.

Орманда бұлақ сыңғырлай ағып, гүл көктегенде ғана олардың балапан шығаруға неге асыққанын түсінесіз. Көктемде қылқандығормандағы шырша бұрлеріне қарасаңыз, олардың дәнсіз қабыршақтарының кірпі инесі сияқты көтеріліп тұрғанын көресіз. Демек, бұл торғай балапандарын енді немен азықтандырап еді? Ол аз да болса қыс кезінде шырша бүрінде сақталған дәнді пайдаланып үлгерді. Балапандар апрель айында жақсы ұша алады, өз беттерінше тіршілік ете береді.

Шырша өнімі аз болған жылдары олар көктемде ұя басып, балапандарын насекомдармен қоректендіреді. Әрбір құс өзі үшін балапандарды өсіруге қолайлы кезде ұялайды.

СӘТСІЗ КОНЦЕРТ

Құрлар әдетте ерте көктемде, марттың басында алдымен ағаштарда отырып шықылықтайды. Құр алғаш шықылықтауын шыршалы орманды әлі қар басып жатқан кезде, алма өскен белдеудің оңтүстік беткейлеріндегі төбешіктерде отырып бастайды. Кейін олар шыршалы орманның қары еріп қара жері көріне бастаған жерлерінде ұшып келіп, өз әндерін жалғастырады.

Аяқ астынан кенеттен қара шыршалы орманның шетінде үлкен құс пырылдай ұшып, ағаштардың әр жағына көрінбей кетті. Бұл жер құрлар таралған аймақтың ең оңтүстік шегі еді.

Апрель айының таңы сызат берісімен-ақ қорықтың шыршалы тауларынан құрлардың құрылдаған дауысы естіледі. Күн шығып, айнала жарық болғанда орман алаңында қара құстардың қалай төбелесіп жатқанын айқын көруге болады. Олар тауық қораздары сияқты бір-біріне дыбыс шығара ырғып, айбат көрсетеді.

Бүкіл көктем бойы құрлар бір орнында шырша түбінде тұрып, құрылдайды. Қорық сақшысы бізге сондай шыршалардың бірін көрсетуге үеде етті.

Магнитофон қойылды. Есеп өте қарапайым еді, әр күні таңертең осы тәсірекке құрлар ұшып келіп, құрылдайды. Лента екі сағат бойы үздіксіз айналады, демек, дыбыс жазып алуға толық мүмкіндік бар. Біз магнитофонды іске қостық та, құлаған шыршаның тасасына жасырындық.

Жоғары көтерілген күн таңғы қараңғылықты түріп әкетті. Орманда мұлгіген тыныштық орнаған. Уақыт баяу өтуде. Құрлар ұшып келмеді.

— Бұл не?— деп таңқалды қорық сақшысы.— Әр күні таңертең осында жиналатын еді ғой, мен жұмысқа бара жатып байқайтынмын.

Лента аяқталды. Күн бұлттардың арасына кіріп кетті. Әр минут сайын ызғар күшейе түсті.

Біз кері қайтып келе жатып, бұл жұмбақты шешпек болдық. Құрлардың күнделікті әдетінен жаңылуына не себеп болды екен?

Мұның жауабы ұзамай-ақ айқын болды. Біз жарты жолға жетпей-ақ қар құйып кетті. Дәл қыстағыдай борап тұрды. Демек, құрлардың ән салар жағдайы болмаған. Олар белгісіз түйсік арқылы ауа райының күрт өзгеретінін аңғарған. Сол өте дәл шыққан.

Зоологтарды шыршалы жерлердегі құр санының әр жыл сайын өте азайғандығы толғандырады. Біраз жыл бойы барлық қорық сақшылары әр күні таңертең өзіне белгіленген құс ойнағындағы олардың санын есептеп жүрді. Жылдан-жылға құс саны біреуесе аз, біреуесе көп болып шықты. Көптеген тексерулер түлкі, қасқыр, сілеусін, тағы басқалардың құрларға көп залал тигізбейтінін, және оның осы құстардың қорықта аз болуына себеп бола алмайтынын көрсетті. Бұл ең алдымен біздің тауларымыздың құрлардың

таралу ареалының оңтүстік шегі болуына байланысты болса керек. Сондай-ақ құстың, басқа түрлері де әдетте өз ареалдарының шетінде көп болмайды.

«СҮҢГҮІР»

Шыршалар арасындағы тау өзені сүй тастан-тасқа секіріп, сылдырай ағып жатыр. Сүй тіс қаритындағы сүйк. Кенеттен ақ көбік атып, сарқырап, тамшылары жан-жаққа шашырап жатқан судан ақ кеуделі қоңыр құс көрінді. Ол шиық етті де суға қойып кетті. Тап-таза мөлдір судан оның су тубінде сәл ғана қанатын қаға жүгіріп бара жатқаны анық көрінеді. Міне, ол өзен ортасындағы тасқа ырғып шықты. Бұл жерде су шашырандысынан дымқыл тартқан тастар арасында ұясы бар.

Бұл — сушылқара. Осы тамаша «сүңуір» бізде жыл он екі ай тіршілік етеді. Өзен сүйнен, буы бұркыраған қыстың тымық күнінде сушылқара көңілді ән сала жүріп кенеттен су астында жүгіріп жүреді. Оның аяқтарына мұз қатып, тастай тақылдан жүреді. Жалпы алғанда сушылқара су астында күніне үш жарым сағаттай болады. Құс күндіз мұз ең жиегіне қатқан астына отырып аздалтынығады, көңілді ән салады. Бұлай отырган сушылқара көзге шалынбайды, сайраған дауысы өзеннің мұзы жоқ жеріндегі су астынан бүмен бірге шығып жатқандай естіледі.

Бірде сушылқараның ұясы сарқыраманың артынан табылды. Ол сарқыраманың құлап түсіп жатқан тік су қабатын кесіп өтіп, сарқыраманың артына жасаған ұясына барып келіп жүрді.

ӨЗГЕ ЖАПАЛАҚТАРДАЙ ЕМЕС

Тағы да жоғары көтерілсөніз сүрлеуді тянь-шань шыршалары қоршап алады. Шайыр місі аққиды, оңтүстік беткейдегі күннің апташты ыстықынан кейінгі салқын ауа жанға жайлыш-ақ. Тау шыршалары мұлгіп түр. Тек оқта-текте орман ішінен бізде сирек кездесетін тоқылдақтың тоқылы естіледі. Ағаш басында қайшы тұмсық шырша торғайы шырша бүрін шұқылап, ал кішкентай королькилер ши-

жылдап қояды. Әлдеқайдан самырсын құсының қатты даусы естіледі.

Шырша орманында қаршыға тәрізді жапалақ ұялайды. Ол әдетте қураған ағаштың басына қонып алғып, жемін аңдиды, тышқанды не құсты көзі шалса-ақ болды, қаршығаша шүйіле түседі. Мұның бәрі күндіз байқалады. Дегенмен, жапалақ тұн құсы ғой. Бірақ, қаршыға тәрізді жапалақ өзінің барлық қандастары сияқты емес күндіз де жемін жақсы аулайды.

Ол кейде құстарды тұра қуып, жазыққа түседі. Бұл кішкене жыртқышты оның ұзын құйрығы едәүір үлкен етіп көрсетеді және ұшып бара жатқанда пішіні қаршығаға ұқсас келеді, бірақ дыбыссыз ұшымен ерекшеленді. Бұл жапалақтың негізгі жемі тышқан болса да, ол құстарды да аулайды, тіпті өзімен шамалас құстарға да түседі.

БАҚЫТ ҚҰСЫ

Тау шыршаларын мекендеуші құстардың — самырсын құсы, қайшы тұмсық шырша торғайы, ақбас қызылқұйрық, қарабас сүр жыланы, түкті балақ байғыз, құлақты жапалақ, үкілердің — арасында аңызға айналған бір құс бар. Ол — көк құс. Бұл сірә ертегілердегі адамға бақыт беретін құстардың өзі болса керек!

...Асая Талғар өзеніне төнген жақпар құз. Бұған сырт пішіні қара тырқылдаққа ұқсаған ерекше бір құс жиі ұшып келеді. Оған күн сәулесі түссе-ақ болды қауырсыны құбылып, көк түске, қою көктен көгілдір түске айналады. Міне, осы қасиеті оған көк құс деген поэтикалық ат таққан.

Ол әрдайым тастан-тасқа секіріп, тынным таппай жүреді. Міне, ол жартас астына жоқ болып кетті, енді міне, тағы да су ағын үстімен ұшып етті. Оны көзben бақылап тұру мүмкін емес.

Оны бақылау үшін өзен жағасындағы жартас қасына күрке орнатылған соң және оған құс бірте-бірте үйренген соң ғана, жартастың астында оның мүккө балшық пен шөп араластыра жасалған ұясы бар екендігі анықталды. Ол судан 1,5—2 метр бікіте тұр.

Ұя астында судан шығып тұрған үлкен тас бар. Аузына тістеген

жемі бар көк құс осыған келіп отырады да, ұзақ жан-жағын бақылайды, сәл сыйдырдан ұшып кетеді. Тек жан-жақ тыныш екеніне көзі жеткенде ғана өз ұсына ұшып шығады. Бірақ, көп ұзамай-ақ су астын жауып кетті. Ол сонда да су жапқан тасқа қайта отырды. Бұл оның «қолайлы» бақылау орны екен.

Көк құс балапандарына бір күнде жиырма бес рет жем әкелді. Ол жағалаудан көбіне шегіртке мен саяқ шегіртке ұстады. Ол әкелген кесіртке де әп-сәтте балапандар жеміне айналды. Кейде көк құс балапандарының «дастарқан мәзіріне» майда шабақтарды да қосып отырды. Ол оны суға жүгіріп кіріп оп-оңай-ақ ұстады.

Бұл бір есте қаларлық күн болды. Көк құс таңертеңнен кешке дейін тынымсыз жем тасып, балапандарын қоректендірді. Кешке қарай олар тойып, жемнен бас тартып ауыздарын ашудан да қалды. Сонда көк құс мекиені әкелген жемін өзі жұтып жіберіп, қайта жем іздеп кетіп отырды. Бұл күні ол ұяға қырықтан астам рет жем әкелді.

Біз кешкі ас үстінде көк құстың балапандарын неге соншалықты тойдыра қоректендіргенін таңқала әңгіме еттік. Бірақ, батыстан қалтап келе жатқан қара бұлтты аңғармаппыз. Ал, көк құс болса ауа райының күрт бұзылатынын күні бұрын сезіп, балапандарын қауырт жемдеген екен. Келер күні олар аш отырмайды ғой.

Таңертең күн ашық еді, ұзамай-ақ аспанды қою бұлт жапты. Найзагай шартылдан ойнады. Ақ жауын нөсерлетіп кетті.

Тек кешке қарай ғана күн көзі тау шындарына түсе бастады. Көк құстың ұясы аман қалды. Тасқын су көк құстың бақылау орны — тасты түгелдей басып кеткен еді. Ол сондықтан да өзінің бақылау орнына қонбай, бірден тастың жақпар қуысындағы ұясына қонаатын болды.

Жазды күні сылдырлай бұлақ аққан аңғарлардан сыйбызығының әсем дауысы естіледі. Бұлай сайраған көк құстың өзі еді. Олар қорыққа XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында ғана келді. Оның отаны — Орта Азия мен Индия. Қазір Қазақ ССР-інің Қызыл кітабына жазылған, оны аулауға тыйым салынған.

СУБАЛЬПІ МЕН АЛЬПІ ШАЛҒЫНДАРЫ



Шыршалы орманнан жоғары теңіз деңгейінен 2800—3000-нан 3200—3400 метр биіктікте субальпі шалғыны, дала шалғынды — да-ла, орталық субальпі белдеуі жатыр. Олардың ені 400 метрдей. Солтүстік беткейлерінде субальпі шалғынында түркстандық жатаған аршалар мен қисық дінді шырша ағаштары кездеседі. Шоғырлана өсken арша тұпптері өте тығыз, олардан жеке-жеке бұтақтар тар-былып шығып тұрады. Бұл өсімдік 700 жылға дейін тіршілік етеді. Арша діңінің жылдық қабатына қарап ғалымдар биік таулы аймақ-тың климат жағдайының ғасырлық өзгерістерін анықтай алады.

Субальпі шептері — тау флемесінен, қазтамақ гүлдерінен, қияқ қысықа жүйіткі құртқа шаш, әсем горлец, тұлкі құйрық, ботакөз, тағы басқа өсімдіктерден кілемдей құлпырып жатады. Олардың арасында биік тауда өсетін пияз түрлері, қырғыз бозы, боз бетеге, шөл сұлыбасы, азия сұлыбасы, Шелл сұлыбасы, сидам қазтабан, жүйкелі қазтабан кездеседі. Бұл жерде зедельвейс те өседі. Бұлардың бәрі жерге жабысып қалғандай жатаған өседі. Белуардан келетін тау шалғыны сонау төменде қалған.

Субальпі белдеуінде бірыңғай қазтамақ гүл немесе флемис, шлюр гүлдері өсken алаңдарды жиі көруге болады. Субальпі то-тырағы қара тонырақ тәрізді құнарлы келеді, оның құрамында 10—14 процент қарашірік болады.

Таудың осы биіктікегі оңтүстік беткейінде субальпілік біртегіс шалғынды жазық көсліліп жатыр. Бұл жерде жылу мол, күн көзі жиі

түседі. Бұл арада Крылов бетегесі, шым түзетін сұлыбас, доңызыстырт, бетеге мықты шым түзеді. Мұнда топырақ солтүстік беткейге қарағанда құрғақтау, дегенмен құнарлылығы одан кем емес.

Тағы да теңіз деңгейінен 3200—3400-ден 4000 метрге дейін көтерілсөніз аршалар мен тал-шіліктердің орнына альпілік аласа шөпті шалғынды көресіз. Бұл жердегі шөптердің биіктігі 20—25 сантиметрден аспайды. Бұлар — жіңішке доңызыстырт, аласа доңызыстырт, жіңішке жемісті доңызыстырт, сүйк наурызгүл, альпі қашқарагүл, сүйк қекгүл, тянь-шань қоғажайы. Олардың арасында қына мен мұқ те кездеседі.


Альпі шалғындарының арасынан мұз қозғалысынан пайда болған тау жыныстарының сыйықтары, кекше мұздар, тасты қорымдар ерекше көзге шалынады. Олар шөп арасынан «көгілдір жартастар көрінісі» ретінде назар аударады. Мәңгі қар мен мұз жамылған құздарға таяу жerde сарғалдақ, жалынгүл, қоғажай, теңге жапырақ, қазтамақ гүл, тағы басқа өсімдіктерден тұратын ойдым-ойдым альпі шалғыны көгеріп жатыр. Тастан көгілдір барқытпен қымталған. Ұсақ тастар арасында әйгілі здельвейс те өседі. Бұл айқын ренди емес ашық-күміс түсті гүлдердің жапырақтары мен сабактарының беті мамық түкті келеді. Оларды қайсар гүл деп текке атамайды; здельвейс биік таулы аймақтың қандай бір қатал жағдайына болмасын төтеп бере алады.

Жартастар қына мен мұқ жамылғысын жамылған, бұл оған әсем көрік беріп тұр.


Биік таулы аймақтың жануарлар әлемі де сан-алуан. Құздар мен жартастар арасында барыс, таутеке, көптеген құстар мен кемірушілер тіршілік етеді.


ҚАР БАРЫСЫНЫҢ ИЕЛІГІ

Альпі шалғындарына жем іздеген барыс жіңі келеді. Ол баспана ұғысын төмендегі аршалар арасына жасайды. Оны өте сирек көруге болады. Қазақ ССР-інің Қызыл кітабына енгізілген бұл жыртқыштың тіршілік әрекетін тек алыстан дүрбі арқылы ғана бақылауға болады.











Күпия сырлы «әнші тау»




Мына әдемі құс өзен жағасындағы
жартасқа ұя салады




Салпаңқұлақ құм жыланының кезек-
ті құрбаны




Ала қарға үясының қа-
сында



Құм қояны сақ-ақ




Жапалактың балапаны



Тоғайда

Сарқырай ағатын Талғар өзені





Жартастарды мекендейтін сары шымшық


Альпі шалғындарын мекендейтін суыр



Шөлде де гүл өседі



Чечевицаның еркегі ұрпақ қалдыруды ойлайды





Орман жапалағы



Құм кесірткесінің ыстық күнде де тал-шілік бұтағында отырғанын көруге болады



Өрмекшінің торында жаңбыр тамшылары жарқырап көрінеді

Міне, ботакөз, үш тұсті қоғажай, көк аквилегия өскен шалғынды қақ жара бұлақ ағып жатыр. Ұлғалды жағада барыстың жаңа тұсken үлкен іздері сайрап жатыр. Ол тастан аттап өткенде тас бетіне табанынан бір тамшы балшық түсіпті, ал бұлақтың келесі жағалауында оның ізі тағы жатыр. Одан әрі із шөп арасынан көрінбейді. Жыртқыш таяуда ғана өтсе керек, тастағы балшық тамшылары кеүіп үлгермепті.

Оның бағытын байқау үшін осы екі із бағытына зер салған жөн. Бірақ, қырысққанда альпі шалғының жапырылмайтын шөптерінен ешқандай із көрінбейді. Тіпті, адам аяғы басқан жерде де ешбір із қалмайды. басылған шөп қайта серпіліп кетеді. Мүмкін барыс басқа жаққа бұрылып кеткен болар.

Ту қияннан суырдың ашы даусы шықты да тына қалды. Сол тұста сары тұмсықты альпі ұзақтары айнала үшып жүр. Олар барыстан сескенді мекенең.

Бірнеше жұз метрден соң бәрі де түсінікті болады, суыр індерінің маңы тып-тыныш. Барыстың мұнда болғаны ақиқат, қатты қорыққан суырлар шыққан күнге қарамастан ін түбінде жатыр. Бұл жұмбақтың сиррын қашан шеттегі бір іннің жанынан суырдың шашылған жүндерін байқағанша түсіну қыын. Демек, барыс осы жерде суырды ұстап алып, қазір аршалы нұдың ішінде жәуекемдел жатыр.

Мұны жуан аршаның үшар басында отырған қарға қалт жібермей бақылап отыр. Барыстан қалған қалдың оның құлқынын тесіп барады.

Аласа біткен арша өскен жерлер бұлттармен астасып жатқан қарға дейін созылып жатыр. Осынау биіктегі аршалар арасында үсақ құстар мекендейді. Мұндағы сары шымшық маңайынан өткен жанға әрқашан өзін әйгілеп тұрады. Құстың жінішке шырылы дәл жаныңыздан естіледі де, ол бір сәт қураған бұтақта қонып ап сізге анықтап қарайды, сонан соң қас қағым сәтте қалың нұға сіңіп кете-ді. Енді оны қайтып көре алмайсыз.

Сары шымшыққа кенеттен не болды? Ол тағы да аршаның үшар басына қонып алып, дабылды шырылға басты. Сөз жоқ, ол ну ішінен әлденені көрді. Теңіз деңгейінен 2500 метр биіктікте тұлкі нө борсық жүрмейді ғой. Енді бұтаға тасалана бақылаған жөн.

Сәлден соң-ақ аршалы нудан барыс шығып келе жатты. Оны безектеп бұтадан-бұтага қонған сары шымшық өкшелеп келеді!

Жыртқыш жалаңаш тасқа жеңіл ырғып шығып, керіліп-созылды. Ол аяқтарын созған кезде, денесі қара дақты, ұзын құйрығы көлденең жолақты үлкен сүр мұсық сияқты болып көрінді.

Дүрбі арқылы оның бауырында салбыраған емшектері анық көрінді. Демек, таяу жердегі қопада оның балалары жатқан үңгірі бар.

Сары шымшық әлдеқашан нұға ұшып кеткен, ал жыртқыш тас үстінде үстін жалап әлі отыр. Енді ол ырғып түсті де тастар арасындағы беткеймен жоғары жүріп кетті. Оның ұзын құйрығының ұшы дамылсыз ирелендеп барады.

Биік асуға жете бере барыс тоқтады, көзден ғайып болып кеткендей. Оның терісінің түсі сүр тастарға ұқсас. Енді бір сәтте ол көрінбей кетті.

Арада 10—15 минут өткен соң барыстың балаларын іздеуге бопады. Арша арасындағы үңгірді табу қыынға түскен жоқ. Оның айналасында тау текелер мен әлдеқандай жануарлардың ірлі-ұсақты сүйегі шашылып жатыр. Дегенмен, қалың ну орман арасынан бүл мұсық балаларын табу бізге оқай болмады. Олар қураған бұтақтың сынған дыбысынан секем алғып, үңгірлерінен шықты да, жан-жаққа пышырай қашып кетті. Енді оларды тек жақсы ит қана таба алады.

Енді жемін аулауға қарай аңғардың екінші беткейімен келе жатқан барысты дүрбімен бақылау қызық. Ол тау ешкілері дәл осы жерден өтетінін жыртқыш біледі. Ал, жыртқыштың тас түстес денесін ең тамаша деген дүрбімен іздел табу мүмкін емес. Ол секірген тасты дер кезінде байқап қалудың өзі жақсы-ақ болды.

Енді шыдай тұру керек. Мүмкін, ұзақ күту қажет болар, бірақ барыстың жемін қалай аулайтынын көру үшін шыдауға әбден болады. Мұндай жағдай тәжірибелі деген натуралистер өмірінде де көп кездесе бермейді.

Уақыт баяу жылжиды. Күн жоғары көтеріле түсті. Бірақ ешкілер әлі көрінер емес.

Қызыл тұмсықты альпі ұзақтары тау шынын айнала ұшып жүр.

Сонау аңғарда таудың күркө тауықтары — ұларлар ән салады. Алыс етекте бұлақ сыйбыры қағады.

Күтуден көзің талып, ешкілер келмей қалар-ау деген ой торуылдайды. Ақ шарбы бүлттар құдды бір тұман сияқты, бір сәтте тау шыңдарының қымтап алады да, ә демей-ақ шыңнан ғайып болады. Тау шыңдарының құбылмалы панорамасы әрқашан да тамаша. Сізге осынау тастар мен қар арасында ешқандай тіршілік жоқ сияқты көрінеді.

Кенеттен майда тастардың сыйбыры құлаққа талып жетті. Әнен шағын ерткен кербез тау ешкісі келеді. Дүрбі арқылы оның құлагын секем ала қайшылап келе жатқаны да көрініп тұр. Ол кейде тұра қалып, әуені ііскелейді, бірақ, қадам басқан сайын жыртқышқа жақындай тұсуде. Енді тым жақын қалды. Тағы да бірнеше аттаған соң барыс күтіп жатқан тасқа жанасты. Бұл оның өміріндегі соңғы қадамдары еді.

Барыс оқтай атылды. Ал, жыртқыш тісі осып тұскен ешкі етекке қарай домалап бара жатты. Міне, тастардың арасына тоқтап қалды. Енді тек оның артқы түяқтарының әлсіз қимылы көзге шалынды. Барыс кесек-кесек етті жұлдып жеп жатыр.

Ешкінің лағы қайда? Жел ұшырып әкеткендей. Ол екінші жақта безіп бара жатқан болар.

Жыртқыш ұзақ той тойлады. Балаларын мүлдем ұмытып кеткендей. Бірақ, ол кенеттен тастардың арасына сіңіп кетті. Не болды? Мүмкін, барыс өлексені балаларына сүйреп әкеле жатқан болар?

Жұмбақ оңай шешілді, тастар арасымен лақ әлгінде анасы тастап кеткен жерге оралып келе жатты. Ол да бірнеше минуттан соң барыстың тісіне ілікті. Енді барыс лақты балаларына әкеле жатты. Айналадағы тек мелшиген жартастар мен тасты қорымдар арасында қанға боялған бейкүнә ешкінің өлексесі жатыр.

ӘУЕСТИК

Міне, тағы да алыста бірнеше тас бірінен соң бір домалап кетті. Бұл келе жатқан тау ешкісі, мүмкін бір үйірі болар. Таяу жерден тағы да тас домалады. Кенеттен қарсы беткейдегі құздан таутекенің

сақалдары салбыраған 5 текесі шыға келді. Ересек ешкілер бүкіл жаз бойы жеке үйірімен жүреді.

Олар ұзақ уақыт қымылсыз тұрып, төменге қауіптене қарайды. Егер, ешкілердің бірі сөл ғана секем алса бітті, ол кенет пысқырып өзгелеріне белгі беріп, қаша жөнелуге мәжбүр етеді.

Бірақ, айнала тыптыныш. Ешкілер келген таудың ар жағында таудың дәнді, қатты шөбі — бетеге өседі. Онда ешкілер бүкіл таң бойы жайылады. Күн жоғары көтерілгенде олар төменге қарай тастарды сырғытып, шыңға өрледі. Ал, жоғарыда құздардың көлеңкесінде олар алдыңғы аяқтарымен майда тастарды ығыстырып, орын сайлап алып күні бойы жатады. Тас пен олардың түсі бірдей. Ешкілер қозғалыссыз жатып, күйіс қайырады.

Сібір тау ешкілері — таутекелер әдетте альпі шалғындарын мекендейді. Олар мәңгі қар етегінде баспаналап, жайылым тауып жауларынан қорғанады. Таңертең және кешке текелер көгал жерлерде жайылады. Құндіз тынығады. Олардың үйір басы — кәрі теке үйірді құзетіп, төңген қауіпті дер кезінде білдіреді. Міне, көп жылдардан бері қорық қызметкерлері әрдайым таудағы таутекелердің санын бақылап келеді. Есепті бұл жануарлар ізі жақсы көрінетін қыс кезінде де жүргізуге тұра келеді. Дәл осы кездे таутекелер мекеніне жетуге мүмкіндік болмайды. Сондықтан да вертолеттерді пайдалануға тұра келеді.

Тау ешкілері — текелер — қорықта жыл сайын көбейіп келеді; 1976 жылғы соңғы есеп бойынша 500 бас ешкі бар екендігі анықталды. Қөрші аңғардағы қорықтың ғылыми бөлімінің жазғы базасында табиғи сортан бар еді. Оған тау ешкілері келетін болды. Сортанға келетін ешкілер саны жылдан-жылға өсе түсті. Оларға ешкім тимеді. Кішкентай лақтар адамнан сескенбейтін ірі жануарларға айналды. Қазір отыз метрдей жерде сортанда жүрген текелер оларды суретке түсіріп, дауыстап сөйлесіп, темекі тартып жүрген адамдарға көніл аудармайды.

Бірақ текелер кейде өздерінің қас жауы — барыстарға бізге түсініксіз әуестікпен қарайды.

Таутекелерінің есебін жүргізгенде ең бастысы текелерді секем алдырмау. Ирі тастардың тасасынан сығалап тұрған аңшы таутеке-

лерді бірден аңғарды. Одан үш жұз метрдей жерде біресе алға, енді бірде артқа қарай сезіктене жүгіруде. Құлақтарын қайшылап, аяқтарымен жер тарпып олар төмен қарайды.

Аңшыны текелердің бұл мінезі таңқалдырыды. Оларға не керек? Оларды қайқы белдің шетіне тартып тұрған не? Қайқы белдің етегіндегі тастардың арасынан сұр түсті өлдене қозғалды. Дүрбіні соған туралған аңшы оның ірі барыс екенін аңғарды, ол болса ешкілерге назар аудармасстан жүріп барады.

Барыс тағы да жоғары көтерілді де, жайлап басып жүре берді. Ол жалқау қымылымен ешкілерге тимейтін сыңай танытқандай.

Тау ешкілері тағы да қайқы белдің шетіне келіп, төменде жүрген барыска қарады, сонан соң әрі кетті.

Аңшы жануарлардың бұл мінезін қызыға қарап отыр. Ұзамай-ақ барыс ешкілерге таяп келді. Олар тағы да шетке қарай ығысқанда тағы да алға ырғып, қайқы белдің ең төменгі жағындағы тастың тасасында қозғалыссыз қатып қалды.

Ешкілер тағы да қайта оралды. Барыс тосқауылдан шықты. Қезді ашып-жұмғанша бәрі де тына қалды да, тек беткейден ұсақ тастар ғана сырғып жатты. Текелер бірден белден аса шауып кетті. Барыс өзі келген жақтағы тастар арасында көрінбей кетті.

БҮЛТТАН ЖОҒАРЫ БИКТЕ

Кілемдей түрлі-түсті альпі шалғындарына таңертең тау күркө тауықтары — ұларлар ұшып келіп жайылады. Тауық пішінді ірі сұр құстар өздері түнеген үлкен тасты қорымнан төмен ұшып түседі. Олардың қанатындағы ақ жолақ алыстан-ақ жақсы көрінеді. Ұларлар қонды. Дүrbі арқылы олардың алға қарай асығыс 2—3 қадам жасап, бастарын онды-солды қымылдатып, өлдене ұстап жеп жүргенін аңғаруға болады. Ұларлар осылай бір сағатқа жуық қоректенді де бірте-бірте шыршалардың арасына кіріп кетті. Олар немене жеді екен?

Жарты сағаттан соң жүзін жуған терін сұрткен қорық сақшысы ұларлар жайылған тік беткейдегі көкорайға келіп жетті. Мұнда таңертеңгі күн көзіне әлі де түн салқыннын жылынбаған көптеген

саяқ шегіртке қонады екен де, ұларлар осыларды жейді екен.

Кенеттен ашы дауыс шықты да қанаттарын сабалаған ұларлар ұшып кетті. Ірі сұңқар ұларлар соңынан құйғыта ұшып келеді. Ұларлар тастардың арасына жасырынады. Тек, шабандап қалған біреуің сұңқардың қаһарына ұшырады. Сұңқар бүріп алған жемтігін заңғар аспаннан тастап жіберді. Ұлар бір аунап түсіп төменге қарай құлдилады. Сұңқар жемтігін қайта іліп, қауқарлы тұяқтарына қысып алды да, көзден ғайып болды.

Осы бір жиырма-отыз ғана секундта болған көрініс көз алдында мәңгі қалып қойды.

Бірде-бір зоопарктे осы тамаша құс жоқ. Ұларлар қолда ұстаяуға көнбіті емес, бұлар еркіндік құсы. Оларды тек бұлт аймалаған бійк шыңдарда көріп, өуезді әндерін тыңдауға болады.

ТАСТЫ ҚОРЫМДАРДА

Биік шыңнан етекке дейін тасты қорым созылған. Үлкенді-кішілі тастар бір-бірімен жанаса, кейде бірінің үстінде бірі ретсіз орналасқан.

Тас арасымен сыйбырлай ағып жатқан мына өзеннің жағасында тіршілік қайнауда. Шептің арасынан құстардың дауысы, насекомдардың шырылы, тышқандардың шиқылдаған үні, сыйбыры естіледі. Бірақ, тасты қорымның арасы тыныштыққа шомған. Тіпті, мұнда шөп те өспейді. Тасты тек қына мен мүк басып жатыр.

Тас астынан шолақ құйрық сарғыштау тышқан шықты. Ол тас үстіне кептіруге жайған шебін асықпай аударыстырып жатыр.

Бұл тасты қорым тұрғыны — пішенші тышқан немесе сары шақылдақ. Тастан арасындағы мыңдаған жықпыл-жыра, қуыстар оларға сенімді қорған бола алады. Ол шепті түбімен қып, аузына сыйғанша бір тұтамын тістер алғып, қорымның ортасына әкеледі де, күнге жайып кептіреді. Шөп кепкен соң оны жауын тимейтін таса жерге әкеліп жинаиды. Шақылдақ өте тез әрі дыбыссыз жүгіреді.

Шақылдақтармен бірге тасты қорымда титімдей сүр тышқан — тас сүр тышқаны мекендейді. Оның түсі сүр тастан бір аумайды.

Сүр тышқан атаулының ішінде оның мұрты өте ұзын; денесінің жартысына тең тышқан. Оны әрдайым қимылдатып, алдын бағдарлап отырады.

Тас сүр тышқаны 2000 метр және одан да әрі биіктікте кездеседі. Ол да шақылдақ сияқты қысқы азығына шөп кептіріп жинаиды.

Бұлардың көршілері сұырлар тас арасынан терең ін қазады. Сұырлар жылдың көп бөлігін қысқы сұықтан қорғанып ұйқымен өткізеді. Ал, жазда альпі шалғындарында жайылады. Сұырлар індерінің жанындағы тасқа шығып жатып күнге қыздырынады. Бұл жерден төнген қауіпті аңғару жыртқышқа оқай. Құс көрінсе-ақ оны байқап қалған сұыр қорықкан үн шығарса болды, басқа сұырлар індеріне зып береді.

СИРЕК КЕЗДЕСУЛЕР

Альпі белдеуінің құз-жартастарында қорықтағы ең ірі құстардың бірі — сақалта ұя салады. Бұл қара ала құсқа сақалта деген ат түмсығының астындағы сақал тәрізді жіңішке қауырсындары болуына байланысты қойылған. Сақалтаны кейде қозықұмай деп те атайды, бірақ бұл қозыға түспейді. Оның жайған қанатының ұзындығы үш метрге жетеді, салмағы 5—7 килограмм тартады. Ол өлексемен қоректенеді, әсіресе өлексені тәуір көреді, сондай-ақ ескі, қатып, кеүіп қалған өлекседен де қашпайды. Қойдың омыртқасын қабырғасымен бірге немесе еліктің санының бір бөлігін емін-еркін жұтып жібере алады. Сақалта сұыр, кекілік, тағы басқаларды өте сирек аулады.

Қорықта сақалтаны көру қыын. Саны өте кеміп барады, сирек кездеседі. Ол Қазақ ССР-інің Қызыл кітабына енгізілген.

Төмендегі аңғар етегінде бұлақ сылдырайды. Қарлы шыңдар алыс емес. Аңғар тәбесінен үлкен құс ұшып өтті де шеңбер жасай жоғары көтеріле бастады. Бұл сақалта еді.

Осы өте сирек кездесетін құстардың ұясы мен оның балапандарын суретке түсіріп алу кез-келген натуралистің арманы.

Беліне арқанды байлаған ғалым құз-жартасқа түсіп келеді.

Жартастағы аланда көптеген бұтақтардан жұн тесеп жасалған ете үлкен ұя көрінді. Айналасында ірілі-ұсақты сүйектер шашылып жатыр. Ұя құлап түскен тастан қалған кішкене қуыс аузына бөгет болып тұр. Сақалта ұяда жоқ екен. Бірақ қара-көлеңке ұя. Ішінде әлдене қимылдады. Ғалым аяқ астындағы сүйектерді сындыра басып ұяны аттап өтті де сіреңке жағып, ішіне жарық түсірді. Аяқ астынан шаң бұрқ ете түсті, қуыс ішіне су тимейді екен. Қуыс бұрышында сақалтаның ірі келген балапаны ұрке тығылып отыр екен. Бұл да ұяда суретке түсірілді.

Сақалтамен екінші кездесу декабрь айының ашық күнінде болды. Аңғар төбесінде бұл үлкен құс баяу қалықтап ұшып жүрді. Ұш метрлік қанатын кең жайып планер тәрізді қалықтай барып жартасқа қонды. Ол қыстың көгілдір фонынан әсем көрінді. Ұзамай-ақ ол қанатын бір қақпастан кең жайып аспанға көтерілді. Шенбер жасай жоғары өрлеп барады. Кенет оның тырнағынан әлдене құлдилай жөнелді. Ол қайтадан әлгі ұшып кеткен жеріне қонды.

Арада бірер минут өткен соң ол әуеде тағы да қалықтап жүрді. Тырнағынан тағы да әлдене құлдилады. Тек, ол ұшінші рет ұшқанда дүрбімен қарағанда бұл құстың тырнағына қысқан тасты жерге тастанап ойнап жүргені байқалды.



МӘҢГІ МҰЗДАР ШЕГІНДЕ

Альпі шалғындарынан жоғары — құз жартастар мен тасты қорымдар. Солтүстік беткейінде мәңгі қар жатыр. Бұл жерді меңіреу тыныштық басқан, және бұл жерден мәңгі мұз басталады. Тек, таутеке ғана жаз айларында осында тынығуға келеді, сондай-ақ кейде сары тұмсық шәүқарға дауысы тыныштықты бұзады.

Дегенмен де теңіз деңгейінен 3500 метр және бұл биіктікten өрі қандай құстар тұрақты тіршілік ететінін білгіміз келді!

Ғалым палаткасын таудың мәңгі мұзы басталатын жердегі тас арасына тікті.

Жол сілтеуші жарапу атпен етекке кетті де, профессор бір айға тыым-тырыс тыныштық арасында жалғыз қалды. Кейде шыңдарда жел құйындай соғады. Қалың тұман жиі-жиі қарлы шыңдарды жапты. Сонда июль айы екеніне қарамастан, тастар күздегідей бірден сүйк тартып, ауа ылғалданып, күн сүйп кетеді. Енді жел тау шыңдарынан бұлтарды қуып әкеткенше үлкен шыдаммен күтүге тура келді. Қалың тұман кезінде аяқты аттап басудың өзі қауіпті.

Бірақ, жел бұлтарды түре қуып, жаздың шуағы мол күні жарық ете қалды. Айналада таудың тамаша бейнесі ашылды, құдды бір кино залының экранында әсем пейзаж пайда болғандай. Оңтүстік-шығысқа қарай қарлы шыңдар жосылып жатыр. Ал солтүстікке қарай бірден төмен кетеді, оның сонау етегінен бастап ұшы-қыры жоқ, Іле өзенінің оң жағындағы құмы ағараңдаған жазық жатыр.

Қатты шырыл көңіл аударды. Таста отырған титімдей құс дәл бір сәлем бергендей, басы мен құйрығын дамылсыз қимылдатады. Ол бүкіл жаз бойы өзі қожа болған осынау биікке кенеттен келген адамға таңқалғандай. Таяп келгенде мұның алғында сүр жылқышы екенін білу қын емес еді.

Аузына тістеген жемі бар ол тастың астына кіріп кетті. Одан балапандардың шырылы естілді. Оның балапандарын тек кішкене қара өрмекшімен қоректендіретінін анықтау аса қынға түскен жоқ. Олар төніректе тек тас астында емес, мұз үстінде де өте көп екен.

Өрмекшілер аяқтарын жай басып қар мен мұз жиегінен біраз жерге жорғалап кетіпті, енді-енді қатып қалатында көрінеді. Бірақ асықпай қайта арапап, тас астында жасырынады екен.

Мұнда мекендейтін екінші бір құс қызылқанат болып шықты. Ашық қызыл-күрең қанатын кең жайған ол ағаш діңіне жабысқан тоқылдақша құз тастары бетіне қайта-қайта жабысып қонып жүрді. Ол үшқан кезде көбелекті еске салды. Бұл құс та балапандарын қара өрмекшімен қоректендіреді.

Құстың осы екі түрі мен өрмекшілер ғана мәңгі мұз шегінде жайымен тіршілік етеді екен. Басқа ешқандай жәндік, жануар тұрақтамапты. Шәүқарға, сақалта ғана кейде мұнда аздаған уақыттынығы үшін ұшып келеді. Бірде, шатырдың іргесінде тастар төмен домалаған дыбыс пайда болды. Бұл тау беткейімен шауып өткен кәрі тау ешкілері аяғының астынан домалаған тастар болды. Олар артына қатты сескеніп қарап, көзден ғайып болды. Бірнеше минуттан соң үлкен барыс құйрығының қара ұшын долдана қимылдатып, ешкілер кеткен жаққа қарай жорта жөнелді. Бірақ, бұл жануарлар мәңгі мұз шегіне өте сирек келеді, мұнда ұзақ аялдамайды. Олар едәүір төменде жайылып, тіршілік етеді.

Егер, біз жоғарыдағы айтқан екі құс өрмекшімен қоректенеді десек, онда өрмекшінің өзі немен қоректенетінін де білуіміз керек қой. Бұл жерде тас арасына жемін ұсташа үшін тоқыған өрмекте тірі насекомдар мүлдем жоқ. Бірақ, өрмекші осы арада тіршілік етеді, демек, әлденені қорек етеді.

Ғалым тынбай ізденіп, бұл жұмбақтың да түйінін шешті. Өрмекші неге өте баю қозғалады? Демек, ол қозғалмайтын нәрсемен қоректенетін болғаны ма? Солай болып шықты.

Құннің алғашқы сәулесімен бірге сонау жылы жазықтан са-
мал соға бастады. Бұл жел ең биік шыңдарға да жетті. Жылы жел
мәңгі мұзды аймақта көптеген ұшатын насекомдарды, тіпті кебе-
лектерді де, сонаны да ұшырып әкеледі. Жел тынғанда қар бетіне,
тасқа түскен насекомдар суықтан есендіреп түнде қырылып қалды.
Міне, қара өрмекшілер тастанда жайлап жүріп, салқын әсерінен
әлі бұзылмаған насеком өлекселерін түске дейін теріп жейді.
Шындығында да өрмекшілерге асығудың қажеті жоқ қой. Құннің
екінші жартысында «өнім» толық жиналып болады да, тоқ өрмек-
шілер тас астына тығылады.

Тіпті, осы биіктегі мұз шегінде қанатты жыртқыштардың да
жемі мол «стойи» болып жатады. Ғалым тау бұрылсысЫнан шыға кел-
генде күшігендердің бір тобын көрді. Олар мұздың жиегінде отыр
екен. Бұлар адамды көргенде әуеге өзөр көтерілді.

Бұл жерде барыс тау ешкісін жартылай жеп қалдырып кеткені,
күшігендердің осы өлексеге жиналғаны анықталды. Күшігендер
тұяқтыларды іле алмайды, тек өлекселермен, не барыс қалдырган
қалдықтармен қоректенеді.

Бұдан да биік, сонау тау шыңдарының бұлт будақтанған ұшар
басында мәңгі қар шағылысады. Ол жерде ешбір ан да, құс та
жоқ. Тек, жел гүілдеп, мұзды қар тасты жабады.

ТАУ ӨЗЕНДЕРГІ МЕН КӨЛДЕРІ



СУЫҚ ҚАР ЖӘНЕ ЖЫЛЫ БҰЛАҚТАР

Бұлттардың астында және одан жоғары Іле Алатауы шыңдарының мәңгі қары шағылысады. Олар көптеген шақырымға созылып жатыр. Жіңішке аңғарларда қар қалың қабаты алып мұздарға айналған. Олардың ұзындығы 8 километрге жетеді. Осы «қатып қалған өзендерден» суы тіс қарықтыраң бұлақтар бастау алады; төмен қарай тастан-тасқа секіріп, ырғи ағып, олар түс-түстен бір арнаға тоғыса келе Іле Алатауының солтүстік беткейінен жазыққа жол тартқан өзен құрайды. Биік таудың қары мен мұзының суынан тау етегіндегі егістік алқаптар, бау-бақшалар шөл қандырады.

Қорық тауында бірқатар ірі өзендердің су алабы орналасқан: бұлар Талғар, Есік өзендері, ал қорықтың оңтүстік бөлігінде — Шелек өзені. Осы жерден көптеген кішкене өзендер мен бұлақтар да бастау алады.

Өзен суының негізгі қоры мұз беріген кезде құралады. Олардың жаңбыр суымен қоректенуі 10 процент қана. Сондықтан да өзен суы тек көктемде ғана емес, мұз жаппай еритін жаз айлағында да мол болады. Өзен суы жылышы ыстық шілдеде де 10—15 градустан аспайды.

Тау өзені долы келеді. Жауын ұзақ жауғанда су тау өзенінің ерненеүінен асып, тасты тасқын пайда болады. Олар тек Тянь-Шаньда ғана емес, Закавказье мен Альпі тауларында да кездеседі. Бұл — селдер.

Селді тасқындар — аса қауіпті. Ол барлық тірі дүниенің жайпап кетеді. Міне, мысалы, қорыктың қарт қызметкерлерінің бірі Г. Д. Питерсон 1940 жылғы сел тасқыны нәтижесін белай суреттейді: «Балшыкты, тасты сел тасқыны Батыс Талғар өзенінің жағасында білктігі 1,5—2 метр, ал ені 20—30 метрге дейінгі терраса қалдырыды. Тасқын шөгіндісі негізінен ені 10—20 сантиметрге дейінгі гранит сынықтарынан құрылған. Кейбір домалақ тастардың диаметрі 4 метрге жетті. Тас сынықтары балшыкты құмдармен қатып қалған, жоба мен есеп бойынша төмен құлаған тасқын көлемі 50000 текше метрге жетті». (Алматы қорығының еңбектері. Алматы, 1970 ж., IX т).

Сел негізінен судың тау көлдерінде көп жиналышп, көл ернеуін бұза асып кетуінен болады.

Қазір қорыктың өзен бассейндерінде сел туралы хабарлап тұру қызметі жолға қойылған. Бұған вертолеттер пайдаланылады, арнасты автоматтандырылған хабарлау радиостанциялары құрылған, бақылау постылары ұйымдастырылған. Сел енді адам үшін күтпеген оқиға болмақ емес.

Тау өзендеріне мұз бен қар сүйнан, жауын сүйнан басқа жер асты сулары қосылады. Өзендердің жағасында көп жағдайда жарылған жерлерден су атқылап тұрады. Бұл су жердің терең тектоникалық жарығынан шығады. Жер асты сүйнің жер қыртысының терең қабатымен түйісуі нәтижесінде жоғары радиоактивтік қасиеті бар жылы бұлақтар пайда болады. Тек Талғар өзенінің оң тармағы бассейніндеған жылы бұлақтардың кемінде осында 5 тобы бар. Олар батыстан шығысқа қарай Іле Алатауы жоталарының тарамдарымен өтетін тектоникалық жарылыс бағытымен теңіз бетінен 1600—2000 метр білктікте орналасқан.

Бұл бұлақтардың кейбіреулерінің температурасы 26 градус, олардың минералдылығы (1 литрге 290 мг) мен радиоактивтілігі (124 эм.) де жоғары. Бұлақтардың суы көбінесе сульфат — натрий-калийлі сулар қатарына жатады. Талғардың жылы бұлақтары өзінің радиоактивтілігі мен бальнеологиялық қасиеттері жағынан Қазақстанның, мәселен, Рахманов бұлақтары, Алма-Арасан, Балық-Арасан, тіпті Қапал-Арасан сияқты бірқатар белгілі бұлақтарынан да жоғары тұр.

Біз альпілік көлге жеткенде тау шыңдарын бұлт аймалап, күн енді ғана көрінген еді. Айнадай жарқыраған су бетінен құздардың сұлбесі көрінеді. Көлге сарқырама құлап жатыр. Тау жерде мәңгі қар шағылысуда.

Мұндай биік тау көлдері қорықта таудың жоғарғы шегінде мәңгі мұздарға таяу жерден кездеседі. Олардың кейбірі терең (тереңдігі 150 метр, ал диаметрі 500 метрге жетеді). Қорықта 140 мұздақ көлдерге су береді. Бұлардың ішіндегі ең ірілері — Тоғызан, Шоқал, Корженев, Алып, Есік көшпе мұздары.

Көлдердің мұздай сүйк сүй жануарларды өзіне тартады. Әсіре-се, мұнда оғорь деген үйрек, балшықшы құстардың бір түрі — орақ тұмсық көп.

Аңты айғай алысқа жаңғырып жетеді. Үлкен қызығылттау келген, сарыала қаз деп аталатын үйрек қанатын жайымен сермел, қазша төмендеп көлге қонғалы келеді. Көлді бір айналды да суға қонды.

Жағалаудан үйрекке қарай балапан жүзіп келеді, оның соңынан тағы да екеуі көрінді. Бірақ, үйрек тынымсыз ғақылдан айналаны жаңғырықтырды. Оның жанында үш балапаны жүзіп жүр, енді оған не керек?

Үйрек асыға ұшып, тынымсыз үн шығара көлді бір айналды. Көл ортасында үлпілдек үш балапан жүзіп жүр. Ол енді суға төніп тұрған жарға ұшып келді де, безек қаға бір жерден әрлі-берлі қайта-қайта ұшып өтті де балапандарына келіп қонды. Сонда жардан бірінің ізін бірі ала екі домалақ үлпілдек төмен қарай құлдилай жөнелді. Бұлар да балапандары еді. Олар қысқа қанаттарын тынымсыз қағып, тасқа құлап түсіп, суға жүгіріп барып анасына қарай жүзе жөнелді. Жеп-жеңіл, мамық балапандар биіктен байыппен жайлап ұшып түсті.

2000 метр биіктікегі биік тау көлі жағалауындағы тас арасында кішкене аң тіршілік етеді. Ол екпінмен жүгіріп келіп суға түсіп кетеді де, тас сияқты бірден су түбіне кетеді. Бұл — су жертесері, немесе куторлар. Оның жарты өмірі суда өтеді.

АШЫЛҒАН ЖӘНЕ АШЫЛМАҒАН ҚҰПИЯЛАР



Біздің Алматы қорығына саяхатымыз да аяқталды. Оның климат белдеулерімен, жануарлары мен өсімдіктер әлемімен таныстықтан соң ғалымдардың істеген жұмысын айтып, ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысын шығарғымыз келеді. Алматы қорығына қырық бес жыл толды. Аз уақыт емес. Осы уақыт ішінде ғалымдар оның табиғатының көптеген құпияларын ашты.

Қорықтың ең ірі байлығы — шыршалы ормандар. Орман — бүл тек ағаш қана емес, ол ағаштармен бірге өсетін тал-шіліктер, шөптер, оларды мекендейтін құстар, аңдар, наsectомдар. Міне, сондықтан да ғалымдардың зерттеуі мен бақылауы комплекстілігімен ерекшеленеді. Шренк шыршасын зерттей жүріп, М. А. Проскуряков орман құрайтын түрлердің региональды модельдерінің молшылығы негізінде ормандардың табиғи қайта жаңаруына баға берудің жаңа принципі әдісін тапты. Қазір ол Алтай ормандарында өндірістік сынақтан өтті. Оны іске енгізу тау жағдайына байланысты бұрын қолданылып келген табиғи қайта жаңаруға баға берудегі тиімділігі аз әдістен бас тартуға мүмкіндік береді. Қорықта тау ормандарының табиғи жаңаруының ғылыми-методикалық негізі олардың биологиялық құрылымын түсінуге мүмкіндік береді және шаруашылық шараларының орындалмауына тосқауыл қояды, ал, қорықта орманды сақтаудың дұрыс тәртібін түзеді.

Қазіргі кезде қорықтың тау ормандары үшін ортаның орман құраушы факторларының жағдайына орай негізгі және қосалқы

өсімдіктер түрі молшылығының региональды модельдері құрылған. Ол әртүрлі сала мамандарының комплексті жұмысының негізінде пайдаланылады, осы арқылы ормандардың биологиялық тұрақтылығын танып, оны сақтау жөніндегі ең басты міндетті шешуді түбірімен жеңілдетеді.

Жалпы алғанда жүргізіліп отырған комплексті зерттеу жұмыстары орман жағдайына баға беру әдістерін ашуға және топырақ қыртысы, сүт қоректілердің, құстар мен насекомдардың, тағы басқа орман жәндіктерінің, шыршаның оптимальды құрылымын сақтау шараларын белгілеуге бағытталған. Осы комплексті зерттеулердің нәтижесінде қорықтағы шыршалы ормандардың биологиялық тұрақтылығын сақтап, бақылауға алуға кеңес беріледі. Бұл негізінде табиғи қылқан жапырақты ормандарды қалыптастырудың оптимальды тәртібін сақтау міндеттін шешуге мүмкіндік береді.

Бірақ Тянь-Шань шыршаларының қайта жаңару мен сақталу проблемасы қорықтағы ғылыми қызметтің күн тәртібінен түспейді. Ғалымдар өсімдіктер мен жануарлар әлемінің, топырақ қыртысының, өзендердің, ауа райының өзгерісін, қорықта қоныс тепкен өсімдіктер мен жануарлардың фенологиясын тұрақты бақылайды.

Қылқан жапырақты шыршалы ормандарда мал жаюдың ролі де анықталды. Тянь-Шань ормандарын зерттейтін көптеген ғалымдар бұл ормандардың бейнесін көріктендіре түсуде онда мал жаюдың шешуші роль атқаратыны туралы ойлар айтты. Бұл антропогендік әсер етудің қуатты факторы.

Қорық ғалымдары Тянь-Шань ормандарына мал жаюдың орман құрайтын процесті баяулататынын, бірақ тоқтатпайтынын дәлелдеді.

Баяу өсетін жас шыршаларды (5—7 жылдық) бойы аласа болғандықтан мал шырпри алады. Ал шырша бекіп, тамырын жайған соң, ол бұтақтарының шырпышанына төзімді келеді. Бұл Е. М. Коваленконың арнайы зерттеуімен дәлелденді. Ал Шренк шыршасы өз эволюциясы барысында шырпышан, жойылған бұтақтарын қайта қалпына келтіруге бейімделген.

Шыршалардың қоректену құпиясы ашылды. Тамыр жүйесін зерттеудің көп жылғы нәтижесінде шыршалардың өмірінің алғашқы жылында білек тамырдан нәр алатыны анықталды. Он жастан бас-

тап қосалқы тамыр жүйесі құрылады, ол отыз жаста басты тамырға айналады. Одан әрі шырша тамырлары бір-бірімен жалғасып кететіндіктен қоректік затты сіңіру қайта өзгереді.

Ағаш бітімі тығыз жерлерде тамырлары бірінші кеткен ағаш «топтары» пайда болып, қоректену барысында табиғи қатаң сұрыптау жүріп, бейімді ағаш қана қалады.

Сонымен шыршалардың тамыр жүйесі топырақтың елу сантиметрлік жоғарғы қабатында бірімен-бірі ұштасып, тау беткейлерінің топырағын едәүір бекітеді. Қорықтың барлық территориясындағы топырақ борпылдақ десек, бұл да өте пайдалы. Сондықтан да бұдан аргы зерттеу тау топырақтарының физикалық қасиетін өзгертуге, жалпы зандалылықтардың әсері мен тау беткейлері топырағын бекітуге бағытталуы тиіс.

Шыршаларға өте жақын жерде көктеректер өседі. Көптеген топшылаулар бойынша көктеректер шірік ауруына шалдықа бастады деген пікір пайда болып, Іле Алатауындағы көктеректі орман ағаштарының біразы кесіліп, құрып кету жағдайына жетті. Қорықтың аға ғылыми қызыметкері О. Н. Хомулло көктерек орманның негізгі болігі аурудан толық аман екендігін дәлелдеді. Көктеректің қабығы жасыл, жаңа түрі табылды. Бұл ағаштың механикалық қасиеті жоғары, әрі өте тез өсетіні анықталды.

Қорықтағы жануарлар тіршілігі де ғалымдардың бақылауында. Тянь-Шань ормандарына әкелінген ақ тиіндердің тіршілік әрекетін мүқият зерттеу, олардың шыршаларға қаюіп төндіріп отырғанын анықтады. Қазір Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі ақ тиіндердің санын азайту шараларын іздеу үстінде.

Зоолог В. М. Зверевтің ұсынысымен Алматы қорығына Томскіден әкелген 143 үлкен сары шымшық жіберілген еді. Олар күніне өз салмағындағы насеком жейді. Сондықтан да жеміс ағаштары үшін Сібір сары шымшықтары өте пайдалы. Үлкен сары шымшықтар қорыққа тез жерсінді. Қазір Алматы маңындағы бақтар мен Іле Алатауының тауларында мындағаны таралған.

Бұлардың бәрі қорықта жүргізіліп отырған сан қырлы жұмыстардың кішкене ғана бөлегі. Ол қорық ғалымдарының тоғыз томдай ғылыми еңбектерінде кең көрініс тапқан.

Қорықтағы зерттеу жұмыстарына Совет Одағындағы жетекші институттардың бәрі де қатысады. Мысалы, 1978 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының зоология институтының академигі, профессор Е. В. Гвоздевтің басшылығымен құрлық моллюскілері зерттеліп оларда трематод құрттардың личинкалары бар-жоғы тексерілді. арқар биологиясын (жетекшілік еткен биология ғылыминың кандидаты А. К. Федосеев), сондай-ақ палеобиологиялық зерттеулер (жетекшілік еткен биология ғылыминың кандидаты П. В. Шилин) жүргізілді. Украина ССР Ғылым академиясының зоология институты биология ғылыминың докторы Е. Н. Савченконың басшылығымен Іле Алатауының ұзын мұртшалы қос қанатты насекомдарын зерттеді.

Бірақ, табиғаттың сансыз жұмбақтары шешуін талап етеді. Тағы да ормандардың табиғи қайта жақаруын, шөп жамылғысының, талшіліктер мен ағаштардың, тағы басқалардың өнімділігін зерттей түсү қажет. Осыған байланысты сүт қоректілердің шыршалар құрылымына әсерін, орманның биологиялық тұрақтылығын қалыптастырударғы құстар мен насекомдардың ролін зерттеу міндепті тұр.

Міне, бұлардың бәрі қорықтағы шыршалы ормандардың биологиялық тұрақтылығын басқарып, бақылауға алуда өз кезегінде, Солтүстік Тянь-Шань қылқан жапырақты ормандарының оптимальды тәртібін қорғау міндептін шешуде өте қажет.

Алматы қорығы үшін 1978 жылдың 19 сентябрінде болған Қазақ ССР Ғылым академиясы ғылыми советінің көшпелі сессиясы үлкен оқиға болды. Онда «Қазақстанның жануарлар өлемі, оның дамуы, қайта қалпына келуі және қорғау» мәселесі қаралды. Оған Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті Е. В. Гвоздев жетекшілік етті. Бұл сессияда табиғатты қорғау тек биологиялық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық та маңызға ие ғасырдың ең көкейкесті проблемасы деп танылды. Табиғаттың бірегей көріністепін сақтаудың ең жақсы түрі — мемлекеттік қорықтар. Мұны Алматы қорығының өмірінен айқын көруге болады.

МАЗМУНЫ

ЖОРЫҚ КЕЛБЕТІ	5
ТОҒАЙЛАР	11
БҮЛБҮЛДАР ПАТШАЛЫГЫ	12
ҚЫРҒАУЫЛДАР МЕКЕНИ	13
ҚАНАТТЫ БАЛЫҚ АУЛАУШЫ	14
ҚҰМ ҚОЯНЫ ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚАЛАРЫ	15
ШӨЛ	17
ҚАРАҚҰЙРЫҚ	20
АРҚАР СҮРЛЕУІ	20
«ӘНШІ» ҚҰМДАР	24
АЛА ТАУ	28
ЕҢ ӘДЕМІ ЖАНУАР	30
ОЛАР ҚАЙТА ОРАЛДЫ	31
ҚАРДАҒЫ ІЗДЕР	32
ҚАНАТТЫ ЖЫРТҚЫШТАР	34
КЕШТЕ	36
ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР	38
АДАМ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕМЕС ТЕ	40
ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ ТАУ ОРМАНДАРЫ	42
ТАУ «ҚОЖАСЫ»	44
ІЗ КЕСҮ	46
ҚҰЙРЫҚТЫҢ ҚАРА УШЫ	49
АҚ ТӘСТИ СУСАР	50
АҚ ТИІНДЕРМЕН НЕ ИСТЕУ КЕРЕК!	51
ОРМАН «ҒАЖАЙЫПТАРЫ»	52
ҚҰС ЖҰМБАҚТАРЫ	53
ТӘРТІПКЕ ҚАРАМАСТАН	54
СӘТСІЗ КОНЦЕРТ	55
«СҮҢГУІР»	57
ӨЗЕГЕ ЖАПАЛАҚТАРДАЙ ЕМЕС	57
БАҚЫТ ҚҰСЫ	58
СУБАЛЬПІ МЕН АЛЬПІ ШАЛҒЫНДАРЫ	60
ҚАР БАРЫСЫНЫң ИЕЛІГІ	61
ӘҮЕСТІК	64
БҮЛТТАН ЖОҒАРЫ БІІКТЕ	66
ТАСТЫ ҚОРЫМДАРДА	67
СИРЕК КЕЗДЕСУЛЕР	68
ЖАРТАСТАР	70
ТАУ ӨЗЕНДЕРІ МЕН ҚӨЛДЕРІ	73
ТАУ ҚӨЛДЕРІНІң СЫРЫ	75
АШЫЛҒАН ЖӘНЕ АШЫЛМАҒАН ҚҰПИЯЛАР	76